Жеңіс шұғыласы

№44 (8984),
жұма, 10 қараша
2023 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

ЕЛІМІЗДЕ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАУДЫҢ ЖАҢА ШАРАЛАРЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен кеңесте жастар саясаты саласындағы жағдай талқыланды. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева аталған бағыттағы атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.

Елімізде жастарды қолдау мақсатында көптеген жаңа жобалар әзірленуде. Олардың көпшілігі азаматтардың жан-жақты дамуына, қоғамдық шараларға белсене араласуына бағытталған. Қазақстандықтардың зиянды әуестікке бейім болмауы және бірқатар тұрмыстық мәселені шешуге қатысты ауқымды жұмыстар қарастырылған.

Атап айтқанда, жастарды қысқа мерзімді курстарда оқытып, жұмыспен қамту, сондай-ақ өзінің бизнес-идеяларын жүзеге асыруға көмектесу жоспарланып отыр. Бұл санаттағы азаматтарды «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесе отырып әзірленетін бірыңғай тұрғын үй жобасына тарту жолдары да қарастырылмақ.

Кеңесте репродуктивті денсаулықты сақтау туралы мағлұмат беруге, нашақорлық, лудомания секілді өзге де тәуелділіктердің алдын алуға бағытталған жобалар да таныстырылды.

«Жастарды қолдау – біздің жұмысымыздың маңызды бағыты. Ұсынылған жобаларды қолдаймын. Мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге мекемелермен әр тармағын мұқият қарастырған жөн. Жобалардың орындалу барысын да ұдайы қадағалап отыру аса маңызды», — деп атап өтті Тамара Дүйсенова.

primeminister.kz

Т. ДҮЙСЕНОВА ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ЕКПЕНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТАНДЫРУ ШАРАЛАРЫН КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен өткен жиында еліміздегі санитарлық-эпидемиологиялық ахуал талқыланды.

Ағымдағы жағдай туралы ҚР денсаулық сақтау министрінің орынбасары – ҚР бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Айжан Есмағамбетова баяндады. Оның мәлімдеуінше, бүгінде А гепатиті мен қызылша ауруының көбеюі алаңдаушылық туғызып отыр. Тиісті вакцина салдырмай дертке душар болғандар қатары көп. Мәселен, қызылша елдің барлық аймақтарында тіркелген. Ауруды ең көп жұқтырғандар Шымкент пен Алматыда анықталды.

«Осы ретте жергілікті атқарушы органдар мен Астана, Алматы және Шымкент қалаларында қызылшаға қарсы қосымша жаппай екпе салу науқанына дайындық шараларын қолға алған жөн», — деді А.Есмағамбетова.

Вице-премьер Тамара Дүйсенова бұған дерттің қауіптілігі туралы халықтың ақпараттандырылмауы себеп болуы мүмкін екенін атап өтті.

«Азаматтардың екпеден бас тартуы, жүргізілген насихат жұмыстарының нашар екенін аңғартады. Адам өзіне өзі жау емес. Қауіптің барын білсе, өзін қорғау шараларын қолданады. Денсаулық сақтау министрлігі жергілікті әкімдіктермен бірлесе отырып, бұл бағыттағы жұмысты күшейтуі керек», — деп тапсырды Тамара Дүйсенова.

Сондай-ақ жиында елдегі денсаулық сақтау мекемелерінде болған тексеру жұмыстарының нәтижелері туралы да айтылды. Бірқатар нысандарда ауруханаішілік инфекциялардың алдын алуға қатысты жекелеген талаптардың сақталмағаны анықталған. Біразында зарарсыздандыру режимі сақталмаған, кейбірінде қарапайым жеке қорғаныш заттарының жетіспеушілігі анықталды.

«Денсаулық сақтау мекемелері уақтылы қаржыландырылып келеді. Олай болса, мысалы жеке қорғаныш құралдары жетіспеушілігі неден туындады? Біздің мақсат жазалау емес, осы мәселелерді шешу жолдарын қарастыру. Дегенмен шара қолдануға өздеріңіз итермелейсіздер», — деп атап өтті Премьер-Министр орынбасары.

Сонымен қатар Тамара Дүйсенова мәселе шешілмеген жағдайда кейбір денсаулық сақтау нысандарының қызметін уақытша тоқтата тұру мәселесін қарастыру керек екенін ескертті.

primeminister.kz

2024 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН ҮКІМЕТІ 16 ЖАҢА ЗАҢ ЖОБАСЫН ӘЗІРЛЕЙДІ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен ҚР Үкіметінің кезекті отырысында министрлер кабинетінің заң жобалау жұмыстары жоспарының 2024 жылға арналған жобасы қаралды.

Әділет министрі Азамат Есқараев келесі жылы цифрлық технологияларды, әлеуметтік саланы, зияткерлік меншік институтын, инновациялық қызметті, ғарыш саласын және т.б. дамытуға бағытталған заң жобаларын әзірлеу жоспарланып отырғанын баяндады. Бұл ретте 2 құжат – Цифрлық кодекс және нысаналы капитал қорлары (эндаумент-қорлар) туралы заң жобасы бұрын реттелмеген қоғамдық қатынастарды регламенттеуге бағытталатын болады.

Мәселен, Цифрлық кодекс үздік әлемдік тәжірибе талаптарына сай және осы саладағы нарықтың қажеттіліктері мен азаматтардың мүдделерін ескеретін заманауи құқықтық база құруды көздейді. Өз кезегінде нысаналы капитал қорлары туралы заң жобасы уақыт талаптарына сәйкес білім мен ғылымды дамытуға және университеттерді тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

Министрдің айтуынша, бірқатар заң жобасы Құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасынан шығып отыр. Сондай-ақ мұның жер қойнауын пайдалану мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіруге қатысы бар.

Сонымен қатар қылмыстық жолмен түскен кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу Қаржылық мониторингті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасынан шығып отыр.

Жалпы жоспардың жобасы Президенттің, Үкімет басшылығының тапсырмалары, стратегиялық құжаттар, мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде дайындалып, өзекті қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған.

Премьер-Министрдің айтуынша, келесі жылы Үкімет 16 заң жобасын әзірлеуді көздеп отыр, олардың сегізі Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыруға бағытталған. Сондай-ақ Парламентке 4 жеке заң жобасын енгізу жоспарланып отыр.

«Солардың ішінде Цифрлық кодекстің жобасын ерекше атап өткім келеді. Онда отандық және үздік әлемдік тәжірибе ескеріліп, цифрландыру саласындағы бірыңғай тәсілдер айқындалады», — деді Әлихан Смайылов.

Қорытындылай келе, Премьер-Министр Үкімет Аппаратына жоспардың жобасын Мемлекет басшысының келісуіне енгізуді тапсырды.

primeminister.kz

ОБЛЫСТА МАСАҚТЫ-ДӘНДІ ДАҚЫЛДАР ТОЛЫҒЫМЕН ЖИНАЛЫП БІТТІ

Жетісу облысында күзгі жиынтерін науқаны аяқталуға жақын. Бүгінгі күні масақты-дәнді дақылдар, яғни арпа, бидай, сұлы толығымен орылып, 483,9 мың тонна астық бастырылды, орташа өнімділік гектарына 18,2 центнерден келді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, себілген 324,4 мың гектар дәнді дақылдардың 309,5 мың гектары немесе 95,4% орылып, 745,0 мың тонна астық бастырылды. Оның орташа өнімділігі гектарына 24,1 центнерді құрап отыр.

Осы орайда күріш, картоп, бақша дақылдары мен көкөніс толығымен жиналып біткен. Атап өтсек, 1,07 мың га жерден 3,41 мың тонна күріш жиналып, орташа шығымы әр гектарынан 32,0 центнерді құраған. Сол сияқты 7,6 мың га жерден 226,7 мың көкөніс, 1,8 мың гектардан 51,5 мың тонна бақша дақылдары жинап алынды. Картопқа тоқталсақ, 11,9 мың гектардан 245,3 мың тонна жиналып, орташа өнімділік гектарына 206,8 центнерге жетті.

Сол сияқты дәндік жүгерінің 42,0 мың гектары немесе 73,8% жиналып, 257,6 мың тонна өнім алынды. Майлы дақылдардың 67,4 мың гектары немесе 83,6% жиналып, 127,8 мың тонна өнім алынса, қант қызылшасының 7,6 мың гектары немесе 89,4% қазылып, 293,7 мың тонна өнім жиналды, әзірге орташа өнімділік гектарына - 386,0 центнер.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ҚАЗАҚСТАНДА «ҚОЛЖЕТІМДІ ИНТЕРНЕТ» ҰЛТТЫҚ ЖОБАСЫ БЕКІТІЛДІ

Қазақстан Үкіметі «Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасын бекітті. ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов тиісті қаулыға қол қойды.

Ұлттық жоба Мемлекет басшысының республиканың интернет саласын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау мақсатында қабылданды. Оның негізгі мақсаты – халықты жылдамдығы кемінде 100 Мбит/с кең жолақты интернетпен қамту.

«Қолжетімді Интернет» ұлттық жобасы 2024 жылдан бастап 2027 жылға дейінгі кезеңді қамтиды және оны іске асыруға 1,5 трлн теңгеден астам қаражат көзделген. Айта кету керек, бұл соманың көлемді бөлігі, яғни 1,3 трлн теңгеден астамы – бюджеттен тыс қаражат.

Жоба аясында айтарлықтай қаражат сымды және сымсыз байланыс инфрақұрылымын дамытуға бағытталатын болады. Ауылдық жерлерде талшықты-оптикалық байланыс желілерінің тармақталған жүйесін салуға баса назар аударылмақ. Мәселен, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігі арқылы 3 мыңнан астам ауылда тиісті байланыс желілерін монтаждау жоспарланып отыр.

Жалпы шағын және орта байланыс операторларын қолдау арқылы 400 мың үй шаруашылығына жылдамдығы жоғары интернет тартылатын болады. Жекеменшік операторлар тарапынан инвестициялардың жалпы сомасы 92 млрд теңге болған жағдайда, оның жартысын мемлекет күрделі шығындарға субсидиялар түрінде қайтаратын болады.

Ұлттық жоба аясында республикалық және негізгі облыстық автожолдарды мобильді интернетпен қамту үшін цифрлық инфрақұрылым салу жоспарланған. Атап айтқанда, 487 антенна-діңгек құрылысын орнату жоспарланып отыр. Бұл 17 мың шақырым автожолды мобильді интернетпен қамтуға мүмкіндік береді.

Тағы бір бағыт 5G желісін одан әрі өрістету болмақ. Бүгінгі таңда 605 базалық станция орнатылған. 2025 жылдың соңына дейін 5G технологиясын республикалық маңызы бар қалалар мен облыс орталықтарының барлығына енгізу жоспарланып отыр. Осы жұмыс аясындағы байланыс операторларының инвестициялары шамамен 300 млрд теңгені құрайды.

Ұлттық жоба аясында ірі деректер орталықтарын және трансшекаралық талшықты-оптикалық магистральдарды салу бойынша шаралар жоспарланған. Сондай-ақ республикаға жетекші халықаралық IT-компанияларды тарту үшін заңнаманы өзектендіру қажет.

Жалпы ұлттық жобаны іске асыру 2027 жылға дейін қазақстандықтарды жылдамдығы жоғары интернетпен қамту деңгейін 100%-ға дейін жеткізуге және елдің өңірдегі цифрлық хаб ретіндегі позициясын нығайтуға мүмкіндік береді.

primeminister.kz

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ АЛУ ТӘРТІБІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер мәселелері бойынша Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Қарабұлақ ауылындағы «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының мәжіліс залында кездесу өткізілді. Шара барысында Ескелді ауданының бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығының мамандарына және ауылдық округтердегі спорт жөніндегі әдіскерлерге өздеріне қажетті мемлекеттік қызметтерді стандарттарға сәйкес көрсетілу тәртібі мен мемлекеттік қызметтің мерзімдері туралы мәліметтер берілді.

Айта кетсек, Ескелді ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі келесі мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1)2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік-разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік-разрядты спортшы спорттық разрядтарын береді;

2) біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын береді;

3) «Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру» мемлекеттік қызметтерін көрсетеді.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі

ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТӨЛ ТЕҢГЕНІҢ ТУҒАН КҮНІ

Бүгінгі күн еліміздің күнтізбесінде де, тарихында да орны бөлек ерекше күн. Осыдан біраз жыл бұрын 1993 жылдың 15 қарашасында Тәуелсіз Қазақстан Республикасының төл валютасы айналымға енді. Бұл күн қазақстандық валютаның дүние есігін ашқан күн болып естептеледі.

Ұлттық валютаны «теңге» деп атауды ұсынған - Халықаралық Инженерлер академиясының академигі, Қазақстанның белгілі ғалымы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, «Құрмет» орденінің иегері Сауық Тәкежанов болды. Өзіміз білетіндей 1993 жылы қараша айына дейін эмиссиялау қызметін тек қана КСРО-ның Мемлекеттік банкі, кейіннен Ресейдің Орталық банкі атқарып келді. Ол кезде Қазақстан аумағында төлем құралы ретінде КСРО Мемлекеттік банкінің немесе Ресей Орталық банкісінің 1961-1991 жылдары шығарған рублдегі банкноталары мен монеталары қызмет етті. Ендеше сол уақыттары біздің шаруашылық айналымға қажетті Ресейдің рублін сатып алып отырғанымызда жасырын емес. Әсіресе 1 рублдегі қолма-қол ақшаны 2 рубль қолма-қолсыз ақшаға сатып алған. КСРО ыдырағаннан кейін кейбір оның құрамына енген республикалар өздерінің ұлттық ақша бірлігін айналымға енгізіп, яғни «рубль аймағынан» шығып кеткен болса, ал біздің республикамыз сол аймақта екі жыл бойы қалды. Оның басты себебі, Қазақстанда өзінің банкнота шығаратын фабрикасы мен Монета сарайының болмауы еді.Соған орай 1992 жылы біздің алғашқы валюталарымыз 1, 3, 5, 10, 20, 50, 100 номиналдағы банкноталар түрінде төрт ғасырлық тәжірибесі бар ағылшынның пошта маркілері мен банкнота жасауды кәсіп еткен «Харрисон және оның ұлдары» компаниясымен өзара жасалған келісімшартқа байланысты шығарылды.1992 жылы 26 шілде күні Ресей өзінің төл валютасын енгізгеннен бастап, өзге елдердің, соның ішінде «рубль аймағындағы» Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан сияқты елдердің қаржылық жүйелерін бөліп жібергендігін хабарлады. Сондай-ақ, Ресей Орталық банкі Қазақстанға қазақ нышандары бар рубльді шығарып беруді ұсынған.Осы тұстан бастап Қазақстанда КСРО-ның рубльдері ғана айналыста қалды және өзге рубльден бөлінген аймақтардан олардың келуіне шек қойылмады. Ақыры, оған дейін құнсызданған рубль әрі қарай құнсызданып, инфляция қарқыны 2900 пайыздан асты.Міне осындай келеңсіз оқиғалардың орын алуы Қазақстаннын, төл теңгесін басып шығаруға еріксіз жол сілтеді. Нәтижесінде 1992 жылдың 27 тамызы күні Ұлттық банк теңге купюрасының үлгілерін бекітті. Алғашқы қазақ валютасының дизайны отандық суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла Ғәбжәлеловтер болды. 1992 жылы теңге дизайнындағы портреттер бекітіліп, теңгеміз Ұлыбританияда басылып шықты.1993 жылдың 12 қарашасында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Қазақстан Республикасы аумағында ұлттық валютаның енгізілуі туралы шешім қабылданып, ескі рубль орынын отандық теңгеміз басты.

Тәуелсіздігіміз бен теңдігіміздің символы болған төл теңге егеменді ел екендігіміздің шынайы айнасы болды және бола бермек.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының ұжымы да Сіздерді Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы Теңге күнімен және қаржы жүйесі қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ұлттық валюта ретінде теңге мемлекетіміздің тарихында маңызды рөл ойнайды.

Тәуелсіздік туы астындағы 30 жыл ішінде мемлекетіміз дамудың талай белесін артқа тастап, қиындықтарды жеңіп, жылдан-жылға гүлденіп келеді. Дәл осындай өзгерістер мен күрделі сынақтарды теңге де басынан өткерді. Осындай өткелең кезеңде Сіздер – қаржыгерлер еліміздің қаржы-қаражат саясатын іске асыруда қанатымен су сепкен қарлығаштай ел игілігі үшін тер төгіп, аянбай қызмет еттіңіздер. Сол себепті бұл күн сіз бен біз үшін аса маңызды, айрықша қадірлі күн. Сіздерге осындай айтулы мереке күні отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс, істеріңізге сәттілік тілеймін.

Тәуелсіздігіміз де, теңгеміз де тұғырлы, ғасырдан-ғасырға жетер ғұмырлы болсын!

Мереке құтты болсын!

А.БАШАБАЕВА,
Ескелді аудандық қазынашылық басқармасының басшысы

ҮКІМЕТТІҢ ЗАҢ ЖОБАЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖОСПАРЫНЫҢ ЖОБАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ҮШІН ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАРДАН ТҰРАДЫ

Әділет министрлігі Мемлекет басшысының, Үкімет басшылығының тапсырмалары, стратегиялық құжаттар, мемлекеттік органдардың ұсыныстары негізінде Үкіметтің Заң жобалау жұмыстары жоспарының 2024 жылға арналған жобасын дайындады. Бұл туралы Үкімет отырысында әділет министрі Азамат Есқараев мәлімдеді.

Жоспар жобасымен 2024 жылы цифрлық технологияларды, әлеуметтік саланы, зияткерлік меншік саласын, инновациялық қызметті, ғарыш саласын және басқа да салаларды дамыту сияқты өзекті бағыттар бойынша 16 заң жобасын әзірлеу көзделген.

Жоспарланған 16 заң жобасының ішінен екі заң жобасы бұрын реттелмеген қоғамдық қатынастарды регламенттеуге бағытталатын болады (Цифрлық кодекс және «Нысаналы капитал қорлары туралы» заң жобасы). Атап айтқанда, «Digital Bridge 2023» форумында сөз сөйлеген Мемлекет басшысы әлемдік озық тәжірибе талаптарына сай, нарықтың қажеттіліктерін де, азаматтардың мүдделерін де ескеретін заманауи құқықтық реттеуші базаны, оның ішінде Цифрлық кодекс жобасын да әзірлеу жөнінде ауқымды міндет қойды.

Министрдің айтуынша, уақыт талаптарына сәйкес білім және ғылым саласын дамыту және университеттерді тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ету мақсатында Нысаналы капитал қоры туралы заң жобасын әзірлеу ұсынылады.

«Заң жобасын қабылдау қоғамдық қатынастарды реттеуге және нысаналы капитал қорлары саласындағы мемлекеттік саясаттың құқықтық негіздерін белгілеуге, сондай-ақ олардың қызметі мен ұйымдастырылуының нақты жүйесін құруға мүмкіндік береді», — деді Азамат Есқараев.

Бірқатар заң жобасы Құқықтық саясаттың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасынан шығып отыр – бұл жер қойнауын пайдалану және норма шығару саласы мәселелері жөніндегі заңнаманы жетілдіру.

Өз кезегінде қылмыстық жолмен түскен кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасын әзірлеу Қаржылық мониторингті дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасынан шығып отыр.

Бұдан басқа жоспардың жобасы республикалық бюджет және Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферт туралы жыл сайынғы негізде әзірленетін заң жобаларын көздейді.

«Осылайша, Жоспар жобасы мемлекеттік реттеудің өзекті міндеттерін шешу үшін қажетті заң жобаларын қамтиды және мемлекет дамуының саяси бағытымен сәйкес келеді», — деді әділет министрі Азамат Есқараев.

Министрдің сөзінше, жоспар жобасы барлық мүдделі мемлекеттік органмен келісілді. «Құқықтық актілер туралы» заңға сәйкес жоспардың жобасын Мемлекет басшысымен келісуге жіберу ұсынылады.

primeminister.kz

ҚАЗАН АЙЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ҚАЗАҚСТАНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК ИНФЛЯЦИЯСЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕНДЕДІ

Үкіметте ҚР Премьер-министрінің орынбасары Серік Жұманғаринның төрағалығымен әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру жөнінде кеңес өтті.

СИМ Сауда комитетінің мәліметінше, өткен аптада елімізде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің бағасының орташа өсу индексі 0%-ды құрады. Жыл басынан бергі орташа көрсеткіш – 3,3%.

«Өткен аптада ұн, нан, қарақұмық, күнбағыс және сары май, сиыр еті, сүт және сүзбе бағасы тұрақты болды. 5 тауарға баға төмендеді. Атап айтқанда, қырыққабат пен сәбіз – 1,3%, картоп – 0,7%, пияз және қант – 0,5%-ға төмендеді», — деп хабарлады Сауда комитетінің төрағасы Айдар Әбілдабеков.

Сонымен қатар өткен аптада еліміздің 13 өңірінде жұмыртқа бағасының орта есеппен 1,3%-ға өсуі байқалады. Бұл ретте Сауда комитеті жұмыртқа бағасын тұрақтандыру үшін тікелей өндірушілермен келісімшарт жүргізіп, өнімді бірден сауда орындарына жеткізу схемасын ұсынды. Бағаны тұрақтандыру қағидаларына сәйкес, өңірлер әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 3 айлық қажеттіліктің 50%-ына дейін келісімшарт жасай алады. Мәселен, өңірлердің 382 млн дана қажеттілігіне тек 103 млн данаға (немесе 21,2%-ға) келісімшарт жасалды. Бүгінде бірде-бір облыс келісімшартпен 100% қамтамасыз етілмеген.

Маңғыстау облысының әкімдігі жұмыртқа бағасына логистикалық мәселелердің әсер еткенін жеткізді. Атап айтқанда, облыстың жеке құс фабрикасы жоқ, өнімнің бір бөлігі Ресей Федерациясынан әкелінеді. Серік Жұманғарин Ауыл шаруашылығы министрлігіне жақын өңірлердегі құс фабрикаларынан жұмыртқа жеткізу мәселесін пысықтауды тапсырды.

Кеңеске қатысушылар ел өңірлеріне арзандатылған астықты жеткізу мәселесіне жеке тоқталды. Сауда комитетінің мәліметінше, бүгінгі таңда 16 өңір Азық-түлік корпорациясының резервтерінен астық сатып алу мәселесін пысықтаған. Астық пен ұнды жөнелтуді 10 өңір жүзеге асыруда. Атырау облысы қосымша астық жеткізуді сұрады. Бұл өңірге вице-премьердің тапсырмасы бойынша жыл соңына дейін Азық-түлік корпорациясының резервінен 2 мың тонна жөнелтіледі.

Негізгі көкөніс позициялары бойынша барлық өңір қажетті көлемдегі келісімшарттармен қамтамасыз етілген. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүрековтің сөзінше, маусымаралық кезең үшін өңірлерге сәбіз, пияз және картоп көлемі толықтай жеткізілді. Астана әкімдігінің ақпаратына сәйкес, қырыққабат бойынша келісімшарт көлемі екі апта ішінде ұсынылатын көлемге жеткізіледі.

«Қазан айында азық-түлік инфляциясы жылдық көрсеткіште 1%-ға төмендеді. Екі ай қатарынан азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі азық-түлік емес тауарлар мен қызметтерге қарағанда төмен. Бұл жақсы үрдіс, қол жеткізілген позицияны сақтау үшін осы жұмысты жалғастыру қажет», — деп түйіндеді кеңес қорытындысын Серік Жұманғарин.

primeminister.kz

«АҚБЕРЕН» ӨНЕР БАЙҚАУЫ

Талдықорған қаласы N27 ОМГ базасында қазан айында «Жетісу дарыны» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен шығармашыл оқушылар арасындағы республикалық «Ақберен» өнер байқауының II облыстық кезеңі өз мәресіне жетті.

«Ақберен» өнер байқауы — жыл сайын еліміздегі өнерлі, дарынды оқушылардың басын қосып, үздіктерді анықтайтын жоба. Байқау мақсаты: оқушылардың гуманитарлық эстетикалық ғылымдар саласында кәсіптік қызметін таңдауға шығармашылық қабілетін, өлең жазу, тапқырлық қырын, дарынын дамытуға жол ашу. Бұл байқаудың оқушылардың дарынын шыңдауда, өнерге, әдебиетке баулуда маңызы зор. Байқауға Жетісу облысының аудандары мен Талдықорған, Текелі қалалары бойынша аудандық кезеңнің жеңімпаз 8-11 сынып оқушылары қатысты.

Байқауда сайыскерлер шешендік өнер, көркемсөз оқу, эссе жазу, ұлттық аспапта ойнау, ақындар мүшәйрасы, ақындар айтысынан додаға түсті.

Жетісу облысының белгілі ақын-жазушылары өнерлі өрендердің шығармашылығын, өнерін, шеберлігін, тапқырлығын бағалап, қазылық етті. Қазылар алқасы байқау соңында сайыскерлерге ризашылықтарын білдіріп, қазақ айтысының, қазақ шешендік өнерінің, ұлттық аспаптағы өнеріміздің жалғасы бар екенін мақтан етті. Жас ұрпақтың бойында еліне, жеріне, тіліне деген сүйіспеншілік жатқанының куәсі болғандарын жүрекжарды айтты. Ал сайыскерлеріміз болса әлі талай асулардан асып, белестерді бағындырамыз деген жалынды оймен қайтты.

Байқаудың қорытындысы бойынша шын жүйріктер мен шығармашыл оқушылар анықталып, 23 оқушы жүлдегер атанды.

Өнер сайысына Ескелді ауданынан аталған номинациялар бойынша 6 оқушы аудан намысын қорғап, 3 оқушымыз жүлдегер атанды. С.Сейфуллин атындағы орта мектебінің 9-сынып оқушысы Ниязбек Сәния «Ақындар айтысы» номинациясында жүлделі 2-орынды иеленсе, аталмыш мектептің 10-сынып оқушысы Нұрқасен Айбар «Ақындар мүшәйрасы» номинациясында 3-орынды иеленді. Н.Алдабергенов атындағы орта мектебінің 10-сынып оқушысы Ержан Айдана «Шешендік, білгірлік» номинациясында 3-орынды қанжығалады. Жеңімпаздар I, II, III дәрежелі дипломдарымен марапатталды. Осы өнер байқауынан оза шап¬қандар алдағы уақытта байқаудың республиқалық қорытынды кезеңінде Жетісу облысының намысын қорғайтын болады. Оқушыларымызға сәттілік серік болып, жеңіс тұғырынан көрінсін!

Дидар АЙТМОЛДИНА,
Ескелді ауданы, Бақтыбай ауылы
С.Сейфуллин атындағы
орта мектебі Қазақ тілі мен
әдебиеті пәні мұғалімі

ПРЕЗИДЕНТСКИЕ ПОЛИТИЧЕСКИЕ РЕФОРМЫ

В 2022 году дан старт возврату незаконно выведенных из страны активов, а также активизирована борьба с теневой экономикой и необоснованными государственными расходами, введен мораторий на создание квазигоскомпаний. Благодаря работе Генеральной прокуратуры в бюджет уже поступила часть денег, незаконно выведенных за пределы страны. Как сообщается в СМИ, в госсобственность вернули более четырех тысяч гектаров земель, которые ранее были предоставлены под проекты, а также порядка шести с половиной миллиона гектаров неиспользуемых и выданных с нарушениями сельхозугодий. В фонд государства были возвращены месторождения золота, угля, железа, меди, бокситов, полиметаллов. В дальнейшем они были выставлены на аукцион для передачи стратегическим инвесторам. Работа по демонополизации экономики продолжается. Возвращенные средства государство использует для социальных нужд общества. По поручению Касым-Жомарта Токаева был создан фонд «Қазақстан халқына», который оказывает материальную помощь нуждающимся гражданам. В этот фонд ежегодно АО «ФНБ «Самрук-Казына» будет перечислять не менее 7% от своего чистого дохода. Незаконно выведенные и возвращенные в Казахстан активы идут на поддержку национального проекта «Комфортная школа».

Реформы в социально-экономической сфере последовательно приближают главную цель – рост благосостояния казахстанцев. Для этого используются различные инструменты. Так, по инициативе Касым-Жомарта Токаева казахстанцам была предоставлена возможность снять часть денег со счетов Единого накопительного пенсионного фонда. Люди использовали свои пенсионные накопления на покупку жилья и лечение. Гражданам, которые не в силах выплатить кредиты, была предоставлена возможность объявить о банкротстве – принят соответствующий закон.

Токаев выбрал сложный путь изменений и совершенствования – и народ пошел за ним. Реформы уже положительно сказываются на жизни казахстанцев и способствуют повышению гражданской активности. К. Токаев заложил фундамент сильного государства, во главе которого объединенный национальной идеей народ, а опорой выступает свобода слова. Чтобы умножить созидательный потенциал народа важно создать максимально благоприятные условия для самореализации каждого гражданина.

Д.КАРИПОВА,
Руководитель ОО
«Центр поддержки женщин
Ескельдинского района»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТТІК ӘДЕБІ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетімен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары:

1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

3)заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік таныту, дәрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді қудаламау.

7. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі сырт келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

Берік ОҢАЛБАЙҰЛЫ,
Ескелді ауданы әкімі
аппаратының басшысы,
Әдеп жөніндегі уәкіл

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда.

Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Мемлекеттік органдардың ұжымдардың,жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің,әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы,кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине,сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес.Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың,дара кәсіпкерлердің,азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арызшағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.«Әділдік жоқ жерде пара белең алады.

Ескелді аудандық қазынашылық басқармасы ұжымы да осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты ұстанады және жұмыс барысында басшылыққа алады.

А.БАШАБАЕВА,
Ескелді аудандық
қазынашылық
басқармасының басшысы

ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ

Қызыл кітап — халықаралық табиғат қорғау одағының “Қызыл кітап” — халықаралық дәрежедегі құжатттардың бірі. Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі 20 ғасырдың бас кезінде қолға алынды. 1902 ж. Париж қаласында алғаш рет Құстарды қорғаудың халықаралық конвенциясына қол қойылды. 1948 ж. ЮНЕСКО-ның жанынан Халықаралық табиғат қорғау одағы ұйымдастырылды. Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітапбы 1966 ж. тұңғыш рет 2 том болып шықты. Оның 1-томында сүтқоректілердің 211 түрі, 2-томына құстардың 312 түрі туралы деректер берілді. Бұл кітап күнтізбе парақтары тәрізді арнайы жасалды, түрлер 4 категорияға топтастырылды. 1966 - 71 ж. Қызыл кітапқа тіркелетін түрлер туралы мәліметтер қайта толықтырылып, 2-басылымы, 1972 ж. 3-басылымы жарияланды. 1978 - 80 ж. 4-басылымы 5 том болып жарық көрді. Оның 1-томы сүтқоректілерге арналып, оған сүтқоректілердің 226 түрі мен 79 түр тармағы, 2-томында құстардың 181 түрі мен 77 түр тармағы, 3-томында қосмекенділердің 41, бауырымен жорғалаушылардың 105 түрі, 4-том балықтарға арналып, балықтардың 194 түрі, ал 5-томы жоғары сатыдағы өсімдіктердің түрлеріне арналып, 25000 түрі тіркелді. 1980 жылдары бұрынғы томдар негізінде “Қызыл кітап” қайта шыға бастады. 1983 ж. шыққан Қызыл кітапта омыртқасыз жануарлар туралы мол мәлімет берілген. Жойылу қаупі төнген түрлерді сақтап қалу үшін оларды зоологиялық парктерде қолдан өсіріп, көбейту шаралары қолға алынған. Соның нәтижесінде соңғы Қызыл кітапқа тіркелген сүтқоректілердің 97, құстардың 39, қосмекенділер мен бауырымен жорғалаушылардың 37 түрі дүниежүзілік зоологиялық парктерде қолдан көбейтілген. Халықаралық табиғат қорғау одағының Қызыл кітабын шығаруға Құстарды қорғау жөніндегі халықаралық кеңес, Су құстарын зерттейтін халықаралық бюро, Жануарларды қорғау жөніндегі бүкіләлемдік федерация, т.б. ұйымдар қатысады. Қызыл кітап табиғат қорғаудың негізгі іргетасы, экологиялық білім мен тәрбие берудің қайнар көзі болып саналады.

«Қызыл кітап» деген сөз 1966 жылы Табиғат және табиғат ресурстарын Қорғаудың Халықаралық Одағының (ТҚХО) түрлерді сақтап келу туралы Комиссиясы дүниежүзінде жойылып кету қаупі бар жануарлар түрлері енгізілген «Red Data Book» - «Фактілердің қызыл кітабын» дайындап шығарғанда пайда болды (кейіннен оған сирек өсімдіктер де тіркелген). Сонымен қатар ТҚХО жер бетінен жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарлар түрлерінің Қара тізімін де қоса жүргізеді. 70 – жылдары дамыған елдерде ұлттық Қызыл кітаптар шыға бастады. Оларға халықаралық Қызыл кітапқа енгізілген түрлермен қатар, сол елдің территориясында жойылып кету қаупінде тұрған түлер де кіргізілді. Қазақстанда «Қызыл кітап» Республика – Үкіметінің 1978 жылдың 16 – қаңтарындағы қаулысы бойынша бекітілді (Қазақ ССР Министрлер Советінің №90 - қаулысы). Оның омыртқалы жануаларға арналған бірінші бөлімі 1979 жылдың қаңтар айында жарық көрді (1978 жылдың аяғында басылып шыққан еді). Бұл кітапқа омыртқалы жануарлардың 87 түрі мен түршелері, оның ішінде: сүтқоректілер - 37, құстар - 43, бауырмен жорғалаушылар -8, қосмекенділер –1 және балықтардың түрі тіркелді. 1981 жылы Республика Қызыл кітабының екінші бөлімі жарық көрді. Оған өсімдіктердің – 307 түрі, оның ішінде: жоғары сатыдағы гүлді өсімдіктер (288), жалаңаш тұқымдылар (2), қырыққұлақ тәрізділер (3), қыналар (3), саңырауқұлақтар (10), мүктер (1) сияқты өсімдіктер бар. Қазақстан Ғылым Академиясы Зоология институтының бастамасымен Қызыл кітаптың екінші басылымы 1991 жылы дүниеге келіп, оған алғашқы рет омыртқасыз жәндіктер – насекомдар, молюскалар, құрттар енгізілді. Сирек кездесетін жануарлардың түрлері туралы жылдан – жылға жаңа мәліметтер жинау Қызыл кітаптың үшінші басылымының (1996) жарық көруіне алып келді. Осы басылыммен бір мезгілде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 13.09.1996 жылдың №1258 қаулысымен жаңадан Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы туралы «Ереже» бекітілді. Осы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы – республика территориясында кездесетін сирек, саны азайып және жойылып кету қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер түрлері туралы толық мәліметтер бар – негізгі құжат.



Қызыл кітап беттері

Қызыл кітаптың қара, қызыл, сары, жасыл, сұр және ақ түсті беттері бар.

Қара беттерде жануарлар мен өсімдіктердің жойылып кеткен түрлердің тізімі беріледі. Мысалы, енді ғалам шарымызда теңіз сиыры жоқ.

Қызыл беттерде жойылу қаупі бар жануарлар мен өсімдіктер тізімі беріледі. Ғалымдардың болжамы бойынша жуық арада ілбіс немес қар барысы секілді жануралар әлемінің бір өкілін жоғалтып алу қаупінде тұрмыз.

Қызыл кітаптың сары беттерінде саны тез азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктер әлемінің өкілдерінің тізімі берілген. Мысалы, ақ аюлар немесе қоқиқаздар. Ақ беттерінде қашанда саны аз болып келген жануарлар тізімі берілген. Мысалы, көк кит.

Сұр беттерінде тіршілік ету ортасына қол жеткізілмеген түрлер тізімі. Оған орасан жылан - анакондалар жатады.

Жасыл беттерде жойылып кету қаупінен аман қалған жануарлар мен өсімдіктер тізім берілген. Мысалы, құндыз.

.Қызыл кітапқа жалпы сипаттама. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы «жануарлар» және «өсімдіктер» деп аталатын 2 томнан тұрады.Әрбір том бір кітап немесе бірнеше бөлім болып басылып шығуы мүмкін.Жануарларға арналған том 3 мәрте (1978,1991,1996) басылып шықты.Бірақ омыртқасыз жәндіктер тек екінші басылымға ғана енді, ал олар туралы үшінші басылым дайындалып жатыр. Қызыл кітаптың соңғы басылымына тіркелген әрбір жануарлар қазіргі кездегі санының жағдайына, тіршілігінің зерттелуіне қарай жалпы қабылданған 5 категорияның біріне жатқызылды. 1- жойылып бара жатқандар; 2 - саны кеміп бара жатқандар; 3 - сирек кездесетіндер; 4 - анықталмағандар; 5 - саны қайта қапына келгендер. 60 – жылдың ортасында, ал біздің елде 1978 жылы жарық көрген Қызыл кітап жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жұмыстарына екінші тұрғыдан қарауға негізделген. Бұл Қазақстанда таралу аймағының барлығында ерекше қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің қысқаша сипаттамасы берілгентізім. Республиканың жануарлар әлемінде оларды қорғаудың басты шаралары – түрдің таралу аймағының үлкен бөлігінде оның өміршеңділігін қамтамасыз ету. Қызыл кітаптардың қорғауға қажетті шараларды қарастыруға арналған бөлімдерінде келешекте қорықтар құру жайында ұсыныстар болды. Бұл көпшілік жағдайда дұрыста бола бермейді. Қазақстанда Қызыл кітаптың бірінші басылымы 1978 жылдың соңында жарық көрді. Бұл «Омыртқалы жануарлар» бөлімі еді, оған жануарлардың 87 түрі мен түршелері, оның ішінде: сүтқоректілердің - 31,құстардың - 43, бауырмен жорғалаушылардың - 8, қосмекенділердің – 1 және балықтардың түрі мен түршелері тіркелді. 13 жыл өткен соң, 1991 жылғы Республикалық Қызыл кітаптың екінші басылымына омыртқалылардың 129 түрлері мен түршелері, оның ішінде: сүтқоректілердің - 42, құстардың - 58, бауырмен жорғалаушылардың - 10, қосмекенділердің – 3 және балықтардың түрлері мен түршелері енді. 1996 жылы жарық көрген үшінші басылымда, екінші басылыммен салыстырғанда, түрлер санына аздаған өзгерістер енгізілді,ең бастысы – ол көрсеткіші кеміді.Онда балықтың түрі (түршелері, популяциялары), қосмекенділердің - 3, бауырмен жорғалаушылардың - 10, құстардың - 56 және сүтқоректілердің 40 түрі (түршелері) қалды. Осы екі басылымды салыстырып қарасақ, 2 - басылымдағы құстар мен сүтқоректілер қатарларын қайта қарау арқылы тізім саны кемігенін байқаймыз. Бұл тізімді Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті 1995 жылы 21 тамызда бекітілген. Қазақстан Қызыл кітабаның үшінші басылымына тіркелген сирек кездесетін омыртқалы жануарларды территориялық жағынан қорғау қалай қамтамасыз етіледі ? Шындығына келгенде, балықтар мен қосмекенділердің түрі мен түршелерінің бірде - бір қорғалатын территориялардағы өзен – көл айндарында кездеспейді. Сирек кездесетін бауырмен жорғалаушылардың 10 түрінің үшеуі ғана қорықтар территориясында таралған. Олар: Ақсу – Жабағылы қорығында мекендейтін аяқсыз кесіртке, сарыбауыр мен қызыл теңбіл шұбар жылан, Үстірт қорығында кездесетін төртжолақты шұбар жылан.

Қазақстан қорықтары. «Қорық» сөзі өте көне, ол сонай Киев Русінің тұсында ең аулауға ең қатал әмірмен тыйым салынған жерлерді белгілеу үшін қолданылған. «Қызыл кітап» термині жақында, баржоғы 30 жыл бұрын пайда болса да, мәселелерінің өткірлігі әрі пәрменділігі арқасында ол Планетамыздағы биологиялық әртүрлілікті қорғау мәселесін қарастырып, үлкен даңққа ие болды. Бұл тақырыпқа мақалалар тасқынының легі, әсіресе бірқатар мемлекеттер биологиялық әртүрлілік туралы Конвенцияға қол қойғаннаң кейінгі (Рио-де-Жанейро,1992) 2-3 жылда өсуіне байланысты, күшейе түсті. Бұл мақалаларда осы ұғымдардың бір-біріне парапар еместігі жайында сәлпәл болса да ойлар жиі-жиі көріне бастады. Қалай болғанда да осылай болатыны түсінікті. Бірақ бұл терминдер мазмұны жағынан әр түрлі. Өйткені, олар биологиялық әртүрлілікті сақтауды екі - территориялық және таксономиялық тұрғыдан қарастырады. Қазақстан мен Орта Азияның басқа республикаларында қорықтар 1926 жылдан. Оңтүстік Қазақстандағы Батыс Тянь-Шань табиғатының үлгісі (эталоны) ретінде бұл өңірде бірінші болып Ақсу-Жабағылы қорығы ұтымдастырылған жылдан ашыла бастады. Екінші болып, Қостанай облысының тың бидайықты далаларын, ең шеткі оңтүстіктегі қарағай ормандарын және жануарлар дүниесіне өте бай далалық аймаққа тән бірнеше көлдерді қорғауға алған Наурызым қорығы (1930 жылы құрылған) ашылды. Одан әрі Солтүстік Тянь-Шань, оның әр түрлі белдеуімен қоса табиғатының эталондық учаскелерімен таныстыру мақсатымен Іле Алатауы жотасының орталық бөлігінде орналасқан Алматы қорығы құрылды(1931ж.). Төртінші қорық - Көкшетау облысының далалары, гранитті тас сілемдерінде өсетін қарағайлы-қайыңды ормандары мен айдан көлдерін (Бурабай, Шортанды, Шабақты) қорғауға арналған «Бурабай» қорығы. Бұл қорық баржоғы 15 жыл жұмыс істеп, 1951 жылы таратылды. Бесінші, Барсакелмес қорығы, 1939 жылдан Арал теңізіндегі осы аттас аралда жұмыс істейді. Алтыншы қорық, Қорғалжын қорығы 1958 жылы құрылды, негізінен, Орталық Қазақстандағы (Ақмола облысы) Теңгіз және Қорғалжын көлдерінің су айдынын және оларға жақын жатқантың даланың аздаған учаскелерін алып жатыр. Бұл жерлер су құстарының, соның ішінде Азияның ең терістігінде қоқиқаздар тобы орналасқан нағыз қанаттылар базары. Келесі қорық - Марқакөл, осы аттас көл мен Оңтүстік Алтайдың таулы тайгасымен таныстыратын, 20 жылдан астам уақыттан кейін, 1976 жылы ұйымдастырылды, ал шөлді өлкедегі Үстірт қорығы 1984 жылы құрылған, ол Үстірттің батыс тік жарларының ең биігінде орналасқан. Батыс Алтай тайгасының қол тимеген учаскелерін қорғау үшін осы аттас қорық 1992 жылы ұйымдастырылды. Тентек өзенінің 12,5 мың га атырауы қорғауға алынып, соңғы есеппен Алакөл қорығы 1998 жылы құрылды. Өкінішке орай, айтылған қорықтардың көпшілігі орман-аңшылық және аңшылық-қорық деп аталатын шаруашылықтар болып бірнеше рет қайта құрылды. Бұл кезде олардың территориялары көп өзгеріске ұшырап,тіпті бір жерден екінші жерге ауыстырылды (мысалы, Алматы қорығы) . Тек АқсуЖабағылы қорығы ғана 75 жылдан аса Батыс Тянь-Шань табиғатының эталонын қорғау қызметін бұлжытпай орындап келеді. «Табиғат эталоны» термині - жай бейнелі сөз емес. Ол қорықтар құрудың негізгі мақсатын білдіреді. Бұл барлық табиғи комплекстерді адам баласының қызметі араласпаған күйінде эталондық учаскелер ретінде сақтау деген сөз. Осындай эталондық учаскелерде экосистемалардың даму бағыты мен қарқыны зерттеліп, мал жайылған немесе шөп шабылған көршілес осындай учаскелерде болып жатқан өзгерістермен салыстыру - адам баласының шаруашылық қызметі өздері пайдаланатын табиғат ресурстары мен барлық табиғат комплекстеріне қалай әсер етеді деген сұраққа жауап беруге тиіс. Биологиялық әртүрлілікті сақтау міндеті маңызды болғанымен де, бұл жерде ол комплексті қорғаудан кейін екінші орында тұрады. Айтылғандарды мына мысал арқылы түсіндіруге болады: Наурызым қорығы үшін өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің жеке топтарының күрделі жүйелі өзара қарым-қатынасымен қоса барлық көл комплексін сақтау ол жерде ұялайтын сирек кездесетін түр - бұйра бірқазанының санын көбейткеннен әлде қайда маңызды болып табылады. Екінші жағынан, түрді сақтап қалу мәселесінде сол қорықта ұялайтын 40 шақты бірқазанды ғана қорғап қалу емес, оны шешуде қорғалмайтын басқа көлдердегі олардың маңызы

5-бет

ТАРИХИ ТАҒЫЛЫМ

Басы 4-бетте.

зор. Өйткені Наурызым көлдерінде бірқазандар санының шектен тыс көбеюі тіпті қорық комплексіне зиян келтірген болар еді. Қорыта айтқанда, республикамыздың барлық территориясының 0,3%-ға жуық аумағын алып жатқан Қазақстан қорықтары кейбір бірен-саран жағдайларда болмаса, жануарлардың (сол сияқты өсімдіктердің) сирек кездесетін түрлеріне байланысты мәселелерді шеше алмайды. Болашақта сонау 1975 жылы Қазақстан Ғылым академиясы ұсынған және келешекте қорғалатын табиғат территорияларының Бас жүйесіне енген жаңа қорықтар желісін құру жоспары іске асқан кезде ғана олардың сирек және жойылып бара жатқан түрлерді қорғаудағы рөлі бірнеше мәрте өседі. Бірақ ол кезде де қорықтар қорғау ісіне территориялық тұрғыдан қарайтын болғандықтан, екінші таксономиялық тұрғыдан шешу мәселелерін алмастыра алмайды. Бұл тұрғыдан қараудың екінші мәні сол, ол жануарлардың (және өсімдіктердің) таралу аймағы (ареалы) адам баласының шаруашылық және басқа да атқарылатын қызметіне көп жағдайда сәйкес келеді. Ал, түрді (туысты, түршені немесе кез-келген басқа да экологиялық таксонды) толықтай қорғау тек оның саны көп болғанда ғана емес, өзінің табиғи таралуының үлкен бөлігінде мекендегенде ғана, яғни оның таралу ауданы кең көлемде болып, ол жерде түрдің географиялық өзгеру процестері жүре алатын жағдайда ғана жүзеге аса алады. Бұл жағдай түрді тек қорғалатын территорияларда ғана емес, сол сияқты жалпылай пайдаланатын жерлерде де сақтаудың қажеттілігі мен маңызын көрсетеді. 60-жылдардың ортасында, ал біздің елде 1978 жылы жарық көрген Қызыл кітап жануарлар мен өсімдіктерді қорғау жұмыстарына екінші тұрғыдан қарауға негізделген. Бұл - Қазақстанда таралу аймағының барлығында ерекше қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктер түрлерінің қысқаша сипаттамасы берілген тізім. Республиканың жануарлар әлемінде оларды қорғаудың басты шаралары - түрдің таралу аймағының үлкен бөлігінде оның өміршеңділігін қамтамасыз ету. Бірақ тәжірибеде Қызыл кітаптардың қорғауға қажетті шараларды қарастыруға арналған бөлімдерінде келешекте қорықтар құру жайында ұсыныстар болды. Бұл көпшілік жағдайда дұрыс та бола бермейді. Осыған байланысты «мұзтау ережесін» еске түсіре кеткен орынды: мұзтаудың ең аз көлімді жоғарғы ұшы - түрді қолдан өсіру; мұзтаудың келесі шамалы бөлігі - қорғалатын территориялар, ол мұзтаудың ең үлкен су асты бөлімі түрді барлық таралу аймағында қорғау. Түрдің қалыпты жағдайда өмір сүруі осы соңғысына тәуелді болады. Бұл сирек кездесетін түрді территория жағынан қорғау қажеті жоқ немесе оның маңызы шамалы деген сөз емес. Керісінше, ол түрді қорғаудың қажетті шараларының бір бөлігі. Бұл кезде қорықтармен қатар, қорғалатын табиғи территориялардың басқа категорияларының, оның ішінде алғашқы қатарда қорықшалардың маңызы арта түседі. Сирек кездесетін жануардың немесе өсімдіктің ең тығыз популяциялары әрқашанда ландшафтың қорық болуға лайық эталонды учаскелерімен территория жағынан сәйкес келе бермейді. Бұл жағдайда осы түрді немесе түрлердің топтарын қорғау үшін арнайы қорықшалар құру тиімді. Бұл учаскелерде шаруашылық қызметтердің кейбір түрлерін жекелей шектеу қорғалатын түрдің бұл жерде қалыпты тіршілік етуіне жетіп жатыр. Осындай қорықшаларды ұйымдастыру, қорық ашқанға қарағанда әлде қайда жеңіл және аз күш жұмсалады. Себебі бұл жерлер шаруашылыққа пайдаланудан алынбайды. Өте қатал қорғау режимі бар комплексті қорықша құру қорық ұйымдастарудан әлде қайда жеңіл. Бұл арқылы түрдің таралу аймағы шегінде үлкен территорияларды қамтуғаболады. Ал қорықтар болса бұл территориялардың шамалы ғана пайызын құрайды. Қазақстанда Қызыл кітаптың бірінші басылымы 1978 жылдың соңында жарық көрді. Бұл «Омыртқалы жануарлар» бөлімі еді, оған жануарлардың 87 түрі мен түршелері, оның ішінде сүтқоректілердің - 31, құстардың - 43, бауырымен жорғалаушылардың - 8, қосмекенділердің - 1 және балықтардың 4 түрі мен түршелері тіркелді. 13 жыл өткен соң, 1991 жылғы Республикалық Қызыл кітаптың екінші басылымына омыртқалылардың 129 түрлері мен түршелері, оның ішінде сүтқоректілердің - 42, құстардың - 58, бауырымен жорғалаушылардың - 10, қосмекенділердің - 3 және балықтардың - 16 түрлері мен түршелері енді. 1996 жылы жарық көрген үшінші басылымда, екінші басылыммен салыстырғанда, түрлер санына аздаған өзгерістер енгізілді, ең бастысы-ол көрсеткіш кеміді. Онда балықтың 16 түрі (түршелері, популяциялары), қосмекенділердің -3, бауырымен жорғалаушылардың - 10, құстардың - 56 және сүтқоректілердің - 40 түрі (түршелері) қалды. Осы екі басылымды салыстырап қарасақ, 2-басылымдағы құстар мен сүтқоректілер қатарларын қайта қарау арқылы тізім саны кемігенін байқаймыз. Бұл тізімді Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті 1995 жылы 21 тамызда бекіткен. Қазақстан Қызыл кітабының үшінші басылымына тіркелген сирек кездесетін омыртқалы жануарларды территориялық жағынан қорғау қалай қамтамасыз етіледі? Шындығына келгенде, балықтар мен қосмекенділердің 19 түрі мен түршелерінің бірдебірі қорғалатын территориялардағы өзен-көл айдындарында кездеспейді. Сирек кездесетін бауырымен жорғалаушылардың 10 түрінің 3-уі ғана қорықтар территориясында таралған. Олар: АқсуЖабағылы қорығында мекендейтін аяқсыз кесіртке, сарыбауыр мен қызыл теңбіл шұбар жылан, Үстірт қорығында кездесетін төртжолақты шұбар жылан. Құстар мен сүтқоректілердің сирек кездесетін түрлерінің жағдайы біршама жақсы. Сонымен, «қызыл кітаптық» құстар түрлерінің 64%-дан астамы және сүтқоректілердің 50%-дайы Қазақстан қорықтарында кездеседі. Бірақ та, қорықтардың оларды қорғаудағы рөлі әлі де төмен болып отыр. Мәселе, тек бір немесе басқа бір сирек кездесетін түрдің қорық территориясында кездесуін дәлелдеу емес (мысалы, Үстірт қорығында қабыланның, Ақсу-Жабағылы немесе Алматы қорықтарында қызыл қасқырдың, Қорғалжын немесе Наурызымда шитұмсық шалшықшының баржоғы). Маңыздысы көптеген сирек кездесетін түрлердің бірінің (өте сирекекі) ғана қорық территориясында, оның өзінде де өте аз мөлшерде, мекендеуі болып табылады. Шындығына келгенде, Қорғалжын қорығы тек қоқиқаз үшін ғана түрді сақтаудың қамтамасыз етілгенін айта кету керек (онда саны бірнеше мыңға жететін негізгі ұялайтын тобы қорғалады). Территориялық жағынан бірнеше таудағы қорықтарда ұялайтын бүркіт, қара ләйлек және сияқты хайуанаттар біршама жақсы қорғалады. Далалық жерлерде мекендеушілермен салыстырғанда таудағы қорықтарда таралған барыс, түркістан сілеусіні, тас сусары, тянь-шань қоңыр аюы сияқты сүтқоректілердің тіршіліктері де әлде қайда жақсы. Келешекте ұйымдастырылатын қорықтардың ішінен мыналарды ерекше атап өтуге болады. Олар: өзіне тән ерекшелігі бар реликті өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің комплексін, соның ішінде өте сирек кездесетін арқарды қорғауды қамтамасыз ететін Қаратау қорығы; жусан-сораң өскен тақырлы шөлді және Қазақстан эндемигі Шренк тобылғытүсі мен жалманды қорғауға арналған өзі аттас шөлдің ортасында орналасқан Бетпақдала қорығы; су құстарының тіршілік мекені ретінде халықаралық маңызы бар сазды-батпақты көлдерге бай Торғай қорығы; Іле өзенінің сағасында орналасқан, сақталып қалған шөл өзендерінің ішіндегі ең үлкенінің атырауындағы өзіне тән ерекшелігі бар комплексін, сонымен қатар сол жерде ұялайтын қызғылт және бұйра бірқазандардың негізгі шоғырларын және іргелес жатқан шөл учаскелерінде мекендейтін жыланшы бүркіт, іле сексеуіл жорға торғайы, қылқұйрық және қарабауыр бұлдырықтар, боз ергежейлі қосаяқ және басқа да сирек кездесетін жануарлардың тіршілік ортасы болып табылатын сексеуіл ормандарын қорғауға арналған Балқаш өңірі қорығы; тауда өскен шырша мен майқарағайларды және Тянь-Шань қоңыр аюы, барыс, Тянь-Шань арқары сияқты сирек кездесетін сүтқоректілерді қорғауға арналған Жоңғар қорығы. Қазақстан Қызыл кітабындағы сүтқоректілер. Қызыл қасқыр. Қазақстан территориясынан жойылып кетуі де ықтимал. Себебі аты аңызға айналған бұл жыртқышты 40 жылдан бері ол мекендеген жерлерден (Тянь-Шань мен Алтай таулары) кездескені жайында анық деректер жоқ. Қызыл қасқырды Қазақстандағы хайуанаттар бағында қолдан өсіруді қолға алып, оны бұрынғы мекендеген жерлерге қайта жіберудің жолдарын қарастыру керек. Тянь-Шань қоңыр аюы. Тянь-Шань тауы мен Жоңғар Алатауында мекендейді. Ол жерлерде тиісінше 200 және 300-дей аю тіршілік етеді. Бұл аңға тиетін негізгі қауіп - адамның тікелей аулауы және таулы аудандарды игеру барысында оны мекендейтін жерлерінен ығыстыру. Жоңғар Алатауында қорық ұйымдастырып, ал Алматы мен Ақсу-Жабағылы қорықтарында аюды қорғауды күшейту керек. Қабылан. Бұрын Қазақстанда Үстірт пен Қызылқұмда мекендеген, бүгін де бұл жерлерде жойылып кетуі де мүмкін. Өйткені, 70-жылдардың ортасынан бастап республика шеңберінде бұл жыртқыштың кездескені жайында анық деректер жоқ. Негізгі себеп - қабыланды және оның ең басты қорегі қарақұйрықтарды тікелей аулап, сандарын азайту. Қолда өсірілген жыртқыштарды табиғи ортаға қайтадан жіберіп, оның санын қалпына келтіру жұмыстарын бастау керек. Түркістан сілеусіні. Сілеусіннің сирек кездесетін түршесі Қазақстанның тек оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы таулы ормандарда мекендейді. Төмендеуінің негізгі себептері - қасақылық және азық қорының аз болуы. Жоңғар Алатауында қорық ұйымдастырып, бар қорықшаларда сілеусінді қорғауды күшейту керек. Барыс. Қазақстандағы ең үлкен жабайы мысық. Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы мен Алтайдың биік тауларында мекендейді. Саны 200-ден аспайды және жылдан жылға кемуде. Негізгі себептері -қасақылық және таутекелер мен басқа жабайы тұяқтылардың санының кемуіне байланысты азық қорының азаюы. Жоңғар қорығын құрып және таудағы қорықшалар мен қорықтарды оны қорғауды күшейту керек. Қарақал. Үстіртте тараған, ертеде Қызылқұмда да мекендеген. Санының аздылығы сонша, түр жойылып кету жағдайында. Себептері - басқада мысықтарға әсер ететін факторлар. Үстірт қорығының территориясына қазіргі кезде қарақал кездесетін жерлерді қосып кеңейту керек. Үстірттің басқа жерлерінде де арнайы зоологиялық қорықшалар ашуды қолға алған да жөн. Қызылқұм арқары. Қазақстанда Қызылқұмда мекендейді, бірақ ол жерде жойылып кетуі де мүмкін. Өйткені 70-жылдардан бастап бірде-бір рет кездеспеген. Себебі басқа да тұяқтыларға әсер ететін факторлар - қасақылық және үй малдарын көптеп жою. Бұл түршені питомниктерде қолдан өсіруді бастау және алынған төлдерді қорғалатын территорияларға жіберу мезгілі жеткен сияқты. Оларды қорғау үшін Қызылқұм қорығы мен бірнеше қорықшалар ұйымдастыру керек. Қаратау арқары. Тек Қазақстанда Қаратауда ғана мекендейтін бұл арқар қазіргі кезде толық жойылу шегінде, бар-жолғы 100-150-дей бас сақталған. Осында өзіне тән ерекшелігі бар жануарды сақтап қалу үшін жеделдетіп Қаратау қорығын және осы жотаның солтүстік -батыс шетінде қорықшалар ұйымдастыру керек.

Келешекте ұйымдастырылатын қорықтардың ішінен мыналарды ерекше атап көрсетуге болады. Олар: өзіне тән ерекшелігі бар реликті өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің комплексін, соның ішінде өте сирек кездесетін арқарды (Ovis ammon nigromontana) қорғауды қамтамасыз ететін Қаратау қорығы; жусан сораң өскен тақырлы шөлді және Қазақстан эндемигі Шренк тобылғытүсі мен жалманды қорғауға арналған өзі аттас шөлдің ортасында орналасқан Бетпақдала қорығы; су құстарының тіршілік мекені ретінде халықаралық маңызы бар сазды батпақты көлдерге бай торғай қорығы; Іле өзенінің сағасында орналасқан, сақталып қалған шөл өзендерінің ішіндегі ең үлкенінің атырауындағы өзіне тән ерекшелігі бар комплексін, сонымен қатар сол жерде ұялайтын қызғылт және бұйра біқазандардың негізгі шоғырланған және іргелес жатқан шөл учаскелерінде мекендейтін жыланша бүркіт, іле сексеуіл жорға торғайы, қылқұйрық және қарабауыр бұлдықтар, боз ергежейлі қосаяқ және басқа да сирек кездесетін жануарлардың тіршілік ортасы болып табылатын сексеуіл ормандарын қорғауға арналған Балқаш өңірі қорығы; тауда өскен шырша мен майқарағайларды және Тянь – Шань арқары (Ovis ammon karelini) сияқты сирек кездесетін сүтқоректілерді қорғауға арналған Жоңғар қорығы; үшсаусақты ергежейлі қосаяқ, ителгі және сары алақоржын сияқты Қызыл кітапқа тіркелген түрлерді қорғауға арналған Зайсан қорығы. Алғашқы екі қорықты құрудың ғылыми негіздерін Қазақстан Ұлттық Академиясының ботаниктері мен зоологтары 80 – жылдардың ортасында дайындаса, ал Торғай, Балқаш өңірі мен Алакөл қорықтарының ғылыми негіздерін 90 – жылдардың басында дайындалған еді.

Пайдаланылған әдебиеттер:
1.«Қазақстан Қызыл кітабы беттерінен». А.Ф.Ковшарь (биология ғылымдарының докторы, профессор).

stud.kz

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс.

Әрине,сыбайлас жемқорлық-дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың,дара кәсіпкерлердің,азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Көкжазық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘРІПТЕСТЕРІМЕН ҚЫЗМЕТТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ

Мемлекеттік қызметшілерге әріптестерімен қызметтік қарым-қатынас кезінде келесідей талаптар қойылады:

1) ұжымда іскерлік және жанашыр өзара қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;

2) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге не оған жол бермеу жөнінде өзге де шараларды қабылдауға;

3) ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынуға;

4) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

5) қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және оған қолсұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға;

6) жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларға үйлеспейтін әрекеттер жасауға мәжбүрлемеуге;

7) әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дөрекілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлық фактілеріне жол бермеуге;

8) әріптестеріне өзінің діни нанымдарын таңбауға, қол астындағы қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемеуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік жұмыс мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепсіз сөздерді қамтитын болса, көпшілік алдында білдірмеуге тиіс.

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарды мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірместен, дұрыс нысанда жүргізуге тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Әдеп жөніндегі уәкіл – қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексін (бұдан әрі – Әдеп кодексі) бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету қызметін жүзеге асыратын, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультация беретін мемлекеттік қызметші.

Берік ОҢАЛБАЙҰЛЫ ,
Ескелді ауданы әкімі аппаратының басшысы, Әдеп жөніндегі уәкіл

СУ БАСУ АЙМАҒЫНДАҒЫ ӘРЕКЕТТЕР

Су басу аймағындағы әрекеттер

Егер сіз өзіңізді су басу аймағында тапсаңыз, сізге:

•үйдегі газды, электр қуатын және суды өшіріңіз;

•жылыту пештерін сөндіру;

•үйдің құнды заттарын ғимараттың жоғарғы қабаттарына немесе шатырларға өткізуге;

•үйдің бірінші қабаттарының терезелері мен есіктерін әйнектің сынуына және үйге құбылмалы қоқыстың енуіне жол бермеу үшін тақталармен немесе фанерамен жабу;

•Үй жануарлары орналасқан сарайдағы есіктердегі ысырмаларды ашыңыз.

Кенеттен су тасқыны болған кезде, өзіңізбен бірге жылы және жақсырақ су өткізбейтін киімді, көрпе, тамақ, т.с. алып, рельефтің бұрын-соңды су баспағаны белгілі биік жерлерге шығыңыз. Егер олар жоқ болса, сіз қайық пен басқа да мінсіз жүзу құралдарын жүзуге дайындалуыңыз керек.

Суды төгіп болғаннан кейін, электр сымдарының жыртылуына, бұзылған газ желілеріне назар аударыңыз.

Үйге кірер алдында оның құрылымы су элементінің соққыларының астында босап қалмағанына көз жеткізу керек.

Суда табылған тағамды қолдануға болмайды, немесе суды су басу мүмкін емес.

Су тасқыны және су тасқыны - бұл табиғи апаттар, оның барысында адамдар, жануарлар өліп, ғимараттар мен тұрғын үйлер қиратылады. Су тасқыны және су тасқыны кезіндегі қауіпсіздік көбінесе оларға алдын-ала дайындалу арқылы қамтамасыз етіледі.

Су тасқыны негізінен келесі себептерден туындаған:

- қатты немесе ұзаққа созылған жауын-шашын, қар мен мұз кептелісінің тез еруі;
- теңізден жағаға және өзендер сағасына қатты жел немесе толқынмен судың ағуы;
- табиғи себептер бойынша да, адамның кінәсінен де дамбалар мен су қоймаларының серпінділігі.

Мұзды кептелістер мен өзендердің жоғарғы ағысындағы топырақ көпірлері су тасқыны кезінде бірден пайда болады.

Басқа жағдайларда су тасқыны қаупіне дер кезінде ден қоюға мүмкіндік беретін уақыт резерві бар.

Сондай-ақ гидрологиялық болжамдарға назар аудару керек.

Егер сіз өзіңізді жеке қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз еткіңіз келсе, сізге:

толқынның алғашқы соққысында құлаған емес, күрделі құрылыстарды салу;

барлық отбасы мүшелеріне жүзуді үйрету;

қайыққа ие болу (ең дұрысы екі - біреуі қарапайым, екіншісі - үрленетін);

елді мекенге жақын орналасқан топографиялық биік нүктелермен танысу;

Табиғи апат туралы ескерту әдістері мен формаларын білу.

Ескелді ауданы
Қаратал ауылдық округі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – БАРЛЫҚ АДАМНЫҢ ПАРЫЗЫ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үрдісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады. «Коррупция» термині латын тілінің «corruptere» деген сөзінен шығып, мағынасы жағынан мемлекет организмін, қоғамдық қарым-қатынастарды бұзуды білдіреді, «параға сатып алу» терминімен сәйкес, лауазымды тұлғаның өз билігі өкілеттігі мен сеніп тапсырылған құқығын заңға және моральдық нормаларға қайшы келетін өтірік айту, бопсалаушылық, сөзбұйда жасау жолдарымен жеке бас пайдасы үшін пайдалануы. Көбіне бұл термин бюрократиялық аппаратқа және саяси элитаға қатысты жиі қолданылады. Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа негізгі екі кейіпкер қатысады: үкімет және жеке меншік секторы. Қағида бойынша азаматтар жемқорлықтың бас құрбанына айналады. Қоғамның қабіеттілігі, оның ішінде біздің жастарды бақылау, мемлекеттік шенеуніктердің жемқорлық әрекеттерін анықтау және болдырмау жергілікті мәселелерді зерттеудің арқасында артады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрде күш-жігері керек. Қарапайым тілмен айтсақ, сыбайлас жемқорлық – бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады. Пара дегеніміз не? Бұл лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандайда бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Бұл жағдайда көрсетілген ақша мен игіліктерді әрдайым парақордың жеке өзі алмайды, оларды көбіне оның жақын адамдарына немесе жасанды жалған ұйымдарға ұсынады. Пара деп саналатын нәрселер:

Заттар – ақша , оның ішінде валюта, банк түбіртектері мен құнды қағаздар, бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бұйымдар, автокөліктер, пәтерлер, саяжайлар мен қала сыртындағы үйлер, азық-түліктер, тұрмыстық техника мен аспаптар, өзге тауарлар, жер учаскелері және өзге де жылжымайтын мүлік.

Қызмет түрлері және олжа – емделу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторлық және туристік жолдамалар, шетелдік сапар, ойын-сауықтар мен басқа шағандарды өтеусіз немесе төмен бағамен төлеу. Сыбайлас жемқорлық қоғамға зиянын тигізіп қана қоймай, сонымен бірге оң нәтижеге жеткізбейтінін естен шығармаумыз керек! Өйткені сыбайлас жемқорлық тәсімінде параны көбірек беруші ғана жеңіске жетеді. Бір қорқыныштысы – сыбайлас жемқорлықпен айналысу сол тұлға мен оның жақындарының сана-сезіміне залал келтіріп, дүниетанымындарын бұзады. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – барлық адамның парызы.

Д.ТЫНЫСБАЕВ,
ҚР АШМ ВБжҚК
Ескелді аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы

ҚЫЗЫЛШАҒА ҚАРСЫ ҚОСЫМША ЖАППАЙ ИММУНДАУ БАСТАЛДЫ

Қазақстанда қызылшаға қатысты қолайсыз эпидемиологиялық жағдай байқалады. 2023 жылдың басынан бастап республика бойынша қызылшаның 12 671 жағдайы тіркелді, оның ішінде 10 563 науқас 14 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер арасында 354, ересектер арасында 1 754 жағдай орын алған.

70% немесе 8 866 жағдай вакцинацияланбаған балаларға тиесілі екенін, оның ішінде вакцинациядан бас тарту себебінен – 5 286, медициналық қарсы көрсетілімдер – 1 555, егу жасына жетпеу – 1 930, өзге себептер 93 екенін айта кету керек. Тағы 16% немесе 2 062 жағдай вакцинациялау мәртебесі белгісіз адамдар.

Қызылша ауруының тіркелуі елдің барлық өңірлерінде орын алды.

Қызылшамен сырқаттанушылық бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін шұғыл ден қою шаралары қабылданады.

Қазақстан Республикасы халқының арасында қызылшамен сырқаттанушылықтың одан әрі таралуының алдын алу және елдегі эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру үшін «Қызылшаға қарсы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2023 жылғы 1 қарашадағы № 7 қаулысы шығарылды.

Көрсетілген қаулыға сәйкес осы жылы 6 қарашадан бастап 6-11 айлық балаларды қызылшаға, қызамыққа және паротитке (ҚҚП) қарсы иммундау басталды, ал желтоқсан айынан қызылшаның егу мәртебесіне қарамастан 2-4 жастағы балаларға қосымша жаппай иммундау жүргізуді бастау жоспарлануда.

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНДА АРНАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ СТАНДАРТТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығы және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының бесінші абзацына сәйкес

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Халықты әлеуметтік қорғау саласында уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандарты әзірленді.

Осы Стандарт қызметтерді алушылардың тұрғылықты жері бойынша үйде қызметтер көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған мемлекеттік және мемлекеттік емес меншік нысанында үйде қызметтер көрсету ұйымдарда (бұдан әрі – үйде қызметтер көрсету ұйымдары) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің сапасын, көлемін және тәртібін белгілейді, мыналарға:

1) психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – балалар);

2) тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға (бұдан әрі – ТҚА бұзылған балалар);

3) психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – он сегіз жастан асқан адамдар);

4) бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (бұдан әрі – мүгедектігі бар адамдарға);

5) егде жасына байланысты өзіне қызметтер көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға (бұдан әрі – қарттар) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, тоқтату және тоқтата тұру шарттарын айқындайды.

Арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілді көлемін ұсыну үшін арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж деп танылған адам (отбасы) тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға мынадай құжаттарды беру жолымен жүгінеді:

1) осы Стандартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтерді алушының жазбаша өтініші, ал кәмелетке толмаған және әрекетке қабілетсіз адамдар үшін – заңды өкілінің (ата-анасының біреуі, қамқоршының немесе қорғаншының, асырап алушының, баланы қабылдайтын ата-ананың, патронат тәрбиешінің және «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес қамқор болуды, білім беруді, тәрбиелеуді, баланың, он сегіз жастан асқан адамның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын оларды алмастырушы басқа да адамдардың) (бұдан әрі – заңды өкілі) өтініші немесе медициналық ұйымның қолдаухаты;

2) сәйкестендіру үшін қызметтерді алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар жеке басын куәландыратын құжаты не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат;

3) осы Стандартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық картасы;

4) балалар үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының көшірмесі.

Уәкілетті орган өтінішті қабылдау кезінде ЖСН бойынша «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – ақпараттық жүйелер) мынадай:

1) жеке басын куәландыратын құжат туралы;

2) тұрақты тұратын жері бойынша тіркелгені туралы;

3) мүгедектікті белгілеу туралы;

4) мүгедектігі бар адамға абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасында (бұдан әрі – ОЖБ) әзірленген іс-шаралар туралы;

Сұрақтарыңыз бойынша Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгіне аласыздар. Байланыс телефонымыз: 3-17-98

ҚҰРМЕТТІ ҚАЛА ЖӘНЕ АУДАН ТҰРҒЫНДАР НАЗАРЫНА

Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер мен Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз етілгендігін хабарлайды.

Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік 9 түрі қызметтері алдағы уақытта көрсетіліп жүрген болатын, қазіргі кезде мәлімет және жұмыста пайдалану үшін Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру», «Наркологиялық ұйымнан анықтама беру», «Психоневрологиялық ұйымнан анықтама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметтерін «Е-қызмет» персоналды басқарудың интеграцияланған ақпараттық жүйесі арқылы алу мүмкіндігі іске толығымен асқандығын хабарлайды.

Атап айтқанда, осы бағытта Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Мемлекет басшысының неғұрлым талап етілетін анықтамалар мен қағаз растамаларды алып тастау жөніндегі тапсырмасын орындау шеңберінде ақпаратты цифрлық растауды қамтамасыз ете отырып, ағни өткен жылдың қазан айында және ағымдағы жылдың сәуір айында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне (бұдан әрі – тізілім) мемлекеттік органдардың ұсынған ұсыныстары және анықтамалардың күшін жою бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар негізінде өзгерістер енгізілді, 9 мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде алынып тасталды, мысалы мына төмендегі көрсетілгендей:

- Тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәліметтер беру (404 629 жыл бойы қағаз айналымдар);
- Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры салымшысының (алушысының) зейнетақы жинақтарының (инвестициялық кірістерін ескере отырып) жай-күйі туралы ақпарат беру (жылына 1 млн-нан астам анықтама);
- Жалғыз тұрғын үйі авариялық деп танылған азаматтарға анықтама беру (жылына 44 анықтама);
- Жылжымайтын мүліктің меншік иесі (құқық иеленушісі) туралы мәліметтерді қамтитын техникалық паспортқа қосымша беру (жылына 307 224 анықтама);
- «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру (жылына 3 288 055 анықтама);
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар және тоқтатылған құқықтар туралы анықтамалар беру (жылына 40 856 анықтама);
- Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді-көшірме беру (жылына 106 079 анықтама);
- Тауар таңбаларының мемлекеттік тізілімдерінен, тауар шығарылған жерлердің атауларынан үзінді көшірме беру (жылына 192 анықтама);
- Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы анықтамалар беру (жылына 78 339 анықтама).

Жоғарыда көрсетілетін қызметтер қазіргі кезде 9 мемлекеттік қызмет көрсету анықтамаларды алып тастағаннан кейін мұндай ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз етудің әртүрлі тәсілдері бар, мысалы:

1) мекенжай анықтамасы дербес деректердің болуын ескере отырып, үшінші тұлғаларға арналған сервис арқылы беріледі (https://egov.kz/cms/ru/services/pass_sr11);

2) есепке алынуы Мемлекеттік кірістер органдарында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді ақпараттық ресурста қолжетімді ету болып табылады kgd.gov.kz (https://kgd.gov.kz/ru/app/culs-taxarrear-search-web);

3) азаматтың жеке өзіне қажетті кейбір мәліметтер оның «электрондық үкімет» порталының жеке кабинетінде қосымша көрсетіледі;

4) мемлекеттік органдар үшін интеграциялық өзара іс-қимыл;

5) «Электрондық үкімет» порталында жалпыға қолжетімді нысанда жүзеге асырылады.

Осыған орай, азаматтар мен мемлекеттік органдар арасындағы артық қағаз айналымын болдырмау мақсатында «электрондық үкімет» порталында Шығыс құжатты басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде тізілімнен шығарылған мәліметтерді көрсетуді іске асыру туралы атап өтеміз. Алайда, жеке және заңды тұлғалардан анықтамалардың қағаз нысанын, әсіресе «Заңды тұлғалар» «мемлекеттік базасынан анықтамалар беру» қызметі бойынша басып шығарудың мүмкін еместігіне қатысты өтініштер келіп түседі.

Жоғарыда көрсетілген анықтаманың 10 кіші түрі бойынша ақпарат жалпыға қолжетімді болып табылады, яғни ол ЭЦҚ-сыз (бір реттік пароль бойынша) тапсырыс бере алатын кез келген портал пайдаланушысына қарау режимінде қолжетімді.

Сонымен қатар, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама тізілімнен шығарылмаған, оны алу техникалық жағынан pdf-форматында қолжетімді.

Мемлекеттік қызметтер тізілімінен (бұдан әрі – МҚТ) шығарылған жекелеген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтерді «электрондық үкімет» порталында шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінсіз ақпаратты қарау режимінде көрсету жүзеге асырылғаны туралы халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет. Шығу құжатын басып шығару мүмкіндігінің болмауы техникалық ақаудың салдарынан емес, азаматтар мен мемлекеттік органдардың арасындағы артық қағаз айналымын жою мақсатында жасалғанын азаматтарға түсіндірілді. Бұдан бөлек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 17 қазандағы №390/НҚ бұйрығымен (2020 жылы 21 қазанда № 21463 Әділет министерлігінде тіркелген) «Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы туралы мәлімет беру» мемлекеттік қызметі оны толықтай автоматтандыруға және порталдың жеке кабинеті арқылы ұсынуға байланысты МҚТ алынып тасталған.

Бұл процесстің автоматтандырылуы Мемлекеттік корпорацияны және қызмет берушінің кеңсесін айналып өтіп, ЖСН бойынша онлайн режимде азаматтардың әкімшілік анықтамасын алуға мүмкіндік берді. Анықтама алу уақыты 3 жұмыс күнінен 15 минутқа дейін қысқарды. Бұдан бөлек, «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» және eGov mobile арқылы әкімшілік анықтаманы үшінші тұлғамен алу мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Бұдан басқа, көрсетілген ақпараттарды еркін қолжетімділікте «Өзіңнің айыппұлыңды біл» атты қосымшадағы Комитеттің http://qamqor.gov.kz сайтынан алуға болады, өзіңнің ЖСН және жеке бас куәлігінің нөмірін енгізе отырып.

Бүгінгі күнде, біздің үш мемлекеттік қызыметімізді оңайлатып және жеделдетіп порталдан алуға болатын мүмкіндік жүзеге асырылған. «Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызметі толықтай автоматтандырылған. Мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдау және нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.

Жүргізілген бұл жұмыс азаматтардың сұрауларының көп бөлігін үйден шықпай, 10 минуттың ішінде алуға мүмкіндік берді.

Қызметті оңтайландыру аясында азаматтарға оны ұялы байланыстың абоненттік қондырғылары арқылы, яғни порталдың ұялы түрі арқылы алу мүмкіндігі ұсынылған.

Азаматтар үшін тағы да бір ыңғайлылық шет елге шығу үшін анықтамаға сұрауды электронды түрде беру мүмкіндігі, қағаз жүзінде алуға өтініш білдірген Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдай отырып. Бұрын сұрау тек қағаз жүзінде міндетті түрде Мемлекеттік корпорацияға барып жолданатын.

Порталда «Анықтаманы үшінші тұлғамен алу сервисі» көмегімен сұрау салған бастамашы өз бетінше егерде бұл тұлғаның келісімі болған жағдайда, басқа тұлғаға қатысты электрондық сұрау жолдай алады. Электрондық анықтама алуға Мемлекеттік корпорацияның форнт-кеңсесіне азаматтарды жіберудің қажеті жоқ.

Анықтаманы «EgovKzBot» қосып Telegram мессенджері көмегімен де алуға болады. Анықтама алуға керектің барлығы - азаматтардың мобильді базасына тіркелу.

Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтаманы апостильмен беру бізге оны азаматтарға композитті беруге мүмкіндік берді, яғни «бір өтініш» қағидаты бойынша. Бұл үшін композитті қызмет алуға өтінішті электронды түрде беру, электрондық үкіметтің төлем шлюзінің көмегімен онлайн режимде баж салығын төлеу, қағаз жүзінде нәтижені алу үшін, порталда Мемлекеттік корпорацияның филилдарының мекенжайын таңдау мүмкіндігі жүзеге асырылған.

Комитеттің қызметтерін 100% электрондық нысанға көшіру мақсатында, ҚР Әділет министрлігінің «Е-Апостиль» сервисін жүзеге асыру аясында апостиль қою бойынша қызметті толықтай автоматтандыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

«Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармаларының архивтері шегінде архивтік анықтамалар және/болмаса архивтік құжаттардың көшірмесін беру» мемлекеттік қызметі жеке және (немесе) заңды тұлғаларға электронды (жартылай автоматтандырылған) және қағаз жүзінде көрсетіледі.

Мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің кадр қызметтері азаматтарға жүк салмай, құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының мәліметтерін дербес құрамды басқарудың «Е-Кызмет» интеграцияланған ақпараттар жүйесі арқылы жеке және заңды тұлғалар өздері ала алатындары туралы түсіндірілді.

Айдын БОЛАТҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және арнайы
есепке алу жөніндегі комитетінің
Жетісу облысы бойынша Департамент
бастығы аға әділет кеңесшісі

О НОВШЕСТВАХ В СФЕРЕ ОКАЗАНИЯ ГОСУСЛУГ

Действующее трудовое законодательство предусматривает определенные ограничения для лиц, совершивших коррупционные преступления.

Соискатели, при оформлении на работу в организации квазигосударственного сектора обязаны, представлять справку о наличии либо отсутствии сведений о совершении коррупционного преступления.

Если ранее не допускалось трудоустройство лиц, на должность, связанную с исполнением управленческих функций, то сейчас ограничение в трудоустройстве в квазигосударственные организации распространяется на все должности.

Комитетом по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры выдача сведений о совершении лицом коррупционного преступления переведена в сферу оказания государственных услуг.

Прием и выдача документов для оказания государственной услуги осуществляется через: веб-портал «электронного правительства» www.egov.kz.

Срок исполнения услуги 10 минут, в случаях дополнительной установочной проверки – 5 рабочих дней.

Услуга будет также доступна работодателям, для получения сведений в отношении сотрудников, при условии их согласия посредством «личного кабинета» и (или) sms-подтверждения. Получить такую услугу можно лишь при регистрации в базе мобильных граждан.

Для регистрации в базе мобильных граждан услугополучателю необходимо в «Личном кабинете» на веб-портале «электронного правительства» в графе «телефон» указать номер телефона или привязать его к индивидуальному идентификационному номеру (ИИН) обратившись в любой фронт-офис Госкорпорации.

С. МЕРЕЙХАН,
Старший прокурор по
надзору за законностью
в сфере правовой
статистики и специальных
учетов по Аксускому
и Каратальскому районам

АБАЙЛАҢЫЗ - ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАР!

Жетісу облысы бойынша жыл басынан бері 368 интернет алаяқтық фактілері тіркелді, бұл республика аумағында 13 841 тіркелген алаяқтықтың жалпы санының 425,7 % құрайды.

368 интернет алаяқтық фактілері өңірлер бөлінісінде: Талдықорған қаласы-293, Текели қаласы-14, Ақсу-2, Алакөл-5, Ескелді-11, Көксу-5, Қаратал-16, Панфилов-14, Сарқан-4. Көбінде, бұл қылмыстың түрі ұялы телефондарды қолдану арқылы жасалады.

Алаяқтар банктік ақпаратқа қол жеткізу үшін азаматтардың қажетті жеке мәліметтерін алудың түрлі тәсілдерін қолданады: жоғары лауазымды полиция қызметкерлері WhatsApp мессенджеріне алдын ала қолдан жасалған, растайтын құжаттарды тастай отырып ұсынады: елтаңбалы мөрмен расталған қызметтік куәліктерді, қылмыстық іс қозғау туралы қаулы түрлі банктердің қаржы бөлімдерінің қызметкерлері ұсынады.

Мысалы, Талдықорған қалалық полиция басқармасымен аз. Б. арызы бойынша тергеп-тексеру жүргізілуде, іс құжаттарына сәйкес белгісіз тұлғалар оның атынан онлайн несие алып, алған қаражатты жымқырған.

Көбінде алаяқтар WhatsApp мессенджеріне қоңырауларды пайдаланады, өткені WhatsApp қоңырауларды бақылау қиын, өйткені бұл адамдар ел ішінде де, одан тыс жерлерде де болуы мүмкін.

Интернет-алаяқтық «Колеса», «Крыша», «OLX» интернет-сайттарын пайдалану арқылы да жасалады.

Әлеуметтік желілер арқылы: «Инстаграмм», «Телеграмм», «Фейсбук», «ВКонтакте», арқылы мүлікті сату туралы хабарландыруды жариялау кезінде. Сонымен қатар, алаяқтар көбінесе қымбат заттардың өте төмен құнын пайдаланады, осылайша сатып алушыларды тартады.

Қазіргі уақытта қылмыстың осы түрін жандандыруға байланысты ішкі істер органдары қылмыстың осы түрін жасауға жол бермеуге бағытталған шаралар қабылдауда. ІІМ қылмыскерлердің алаяқтық әрекеттері туралы ескерту сипатындағы SMS хабарламалар жібере басталды.

Республиканың ішкі істер органдары азаматтарды сақ болуға және негізгі сақтық шараларын ұстануға шақырады.

ІІМ негізгі ұсынымдары:

1. Ешқандай жағдайда банктер немесе құқық қорғау органдары қызметкерлерінің несие беру, мүлікті сату және ақшасын қауіпсіз шоттарға аудару немесе несие беру туралы телефон нұсқауларын орындамаңыз. Құқық қорғау органдары телефон арқылы арнайы операциялар жүргізбейді. 2. Өзінің дербес деректерін, пластикалық карталардың деректемелерін ешкімге хабарламау, аударымдар туралы түбіртектерді, тіпті банк, полиция қызметкерлері болып табылатын тұлғаларға кодтар мен кодтық сөздерді және т.б. бермеуді талап етеміз.

3. Жеке деректерді белгісіз және тексерілмеген сайттарға және басқа көздерге бермеңіз. Тексерусіз алдын ала төлем жүргізбегеңіз. Тауарды алғаннан кейін төлем туралы келісуге тырысыңыз. Мұндай қызметтер, мысалы Қазпоштамен көрсетіледі.

4. Күмәнді мәмілелер бойынша аударымдарды жүзеге асырмаңыз, ашық кіріс көзінсіз қаржылық схемалардан сақ болыңыз.

5. Қолданбаларды орнату үшін тек ресми App Store, Play Market және т.б. пайдаланыңыз.

6. Өтпеуге сілтемелер бойынша жіберуді, мысалы жалған төлемдер жасалғандай болып көрсетілуі мүмкін, жеке тұлғалар төлем жасау үшін жеке ұялы телефондағы бағдарламалардың СПАМ-сілтемесі жеке терезесі арқылы белгісіз тұлғалардан хабарлама ретінде келу мүмкін.

7.Банкинг қызметеріне қолжетімділік құпия сөздерін үнемі ауыстырып отыруді, яғни 3D қорғауды және банктер ұсынатын басқа да, қауіпсіздік шараларын пайдаланып отыруды.

8. Негізінде тұлғаларға өздерінің шоттарындағы ақша қозғалысын жиі тексеріп отыруды ескертеміз.

Асхат ЖАНАТҰЛЫ
ҚР БП ҚСжАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша
Текелі, Ескелді және Көксу аудандарының аға прокуроры

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА ҚОРШАҒАН ОРТАҒА 2023 ЖЫЛДЫҢ 9 АЙЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГТІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Халықтың денсаулық жағдайы және адамның өмір сүру ортасы көбінесе қоршаған ортаның жағдайына байланысты. Қоршаған орта – бұл адамның денсаулығына және қоғамның дамуына физикалық, географиялық, биологиялық жағдайларда дәсер ететін басқа тірі ағза немесе адамды қоршайтын кешен.

Осыған байланысты, облыстың санитариялық-эпидемиологиялық бақылау органдары тұрақты негізде су объектілерінің, атмосфералық ауаның, топырақтың және елді мекендерді сумен жабдықтаудың жай-күйіне санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг (бұдан әрі-СЭМ) жүргізеді. СЭМ мақсаты шұғыл басқару шешімдерін қабылдау, алдын – алу іс-шараларын әзірлеу және түзету үшін қоршаған ортаның көрсеткіштері бойынша уақтылы хабардар ету болып табылады.

Ағымды жылдың 6 айында СЭМ аясында келесі жұмыстар атқарылды:

1) Орталықтандырылған ауыз су жүйелерінен микробиологиялық көрсеткіштерге – 910 су сынамалары алынып, оның 45 сынамасы немесе 4,9% гигиеналық талаптарға сәйкес келмеді, санитариялық – химиялық көрсеткіштерге (оның ішінде ауыр метал тұздарына және пестицидтерге) – 1172 су сынамалары алынып, оның 69 сынамасы немесе 5,8% гигиеналық талаптарға сәйкес келмеді. Сәйкес келмейтін сынамалар бойынша аумақтық басқармалармен жергілікті атқарушы органдарға ақпараттар жолдады.

2) Ауыз су көзі ретінде пайдаланылатын жерүсті су объектілері болып саналатын 1 санаттағы су қоймаларынан микробиологиялық және паразитологиялық көрсеткіштерге 54 су сынамадан, санитариялық-химиялық көрсеткіштерге 57 сынама алынып зерттелді, сәйкес келмейтін сынамалар анықталған жоқ.

3) Жаппай демалу үшін пайдаланылатын жерүсті су объектілері болып саналатын 2 санаттағы су қоймаларынан микробиологиялық және санитариялық – химиялық көрсеткіштерге 284 су сынамадан, паразитологиялық көрсеткіштерге 147 сынама алынып зерттелді. Гигиеналық нормативтерге сәйкес келмейтін сынамалар микробиологиялық көрсеткіштер бойынша – 4 сынама немесе 1,4% және санитариялық-химиялық көрсеткіштер бойынша – 2 сынама немесе 0,7% анықталды.

4) Топырақтың жай – күйіне мониторинг жүргізу аясында микробиологиялық, санитарлық – химиялық және паразитологиялық көрсеткіштерге 108 сынамадан алынып зерттелді. Зертханалық сараптаманың нәтижелеріне сәйкес 4 сынама немесе 3,7% микробиологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкес келмесе, 1 сынама немесе 0,9% паразитологиялық көрсеткіштер бойынша сәйкес келмеді. Аталған сәйкессіз сынамалар жағажай маңынан алынған топырақ үлгілерінде анықталды. Топырақтың жай-күйін жақсарту бойынша әкімдікке жағажай демалыс аймағын абаттандыру, тазалау және дезинфекциялау бойынша іс-шараларжы жүргізу үшін хат жолданды.

5) Атмосфералық ауаның жай – күйіне мониторинг ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар бар елді мекендерде, автомобиль көлігінің үлкен ағыны кездесетін облыстық және Республикалық маңызы бар жол торапта-рында жүргізілді. Зерттелген атмосфералық ауаның 16276 сынамасынан 263 сынамада немесе 1,6% келесі көрсеткіштер бойынша рұқсат етілген шекті шоғырланудан асып кетуі тіркелді: бейорганикалық шаң-108, бензин фракциясы-15, күйе-6, аммиак-24, озон-31, күкіртсутек-30, азот диоксиді-33, күкірт диоксиді-4, кремний шаңы-12. Рұқсат етілген шекті шоғырланудан асқан заттар Ақсу, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарында, Талдықорған және Текелі қалаларында тіркелген.

Бұл ретте, аумақтық басқармалар рұқсат етілген шекті шоғырланудан асып кетуі бойынша басқару шараларын қабылдау үшін жергілікті атқарушы органдардың атына хаттар жолдады. Сонымен қатар, Ақсу, Ескелді, Қаратал, Кербұлақ, Панфилов, Сарқан аудандарының, Талдықорған және Текелі қалаларының тұрғындарынан аумақтық басқармаға атмосфералық ауаның сапасына және ауамен байланысты денсаулық жағдайының нашарлауына шағымдар түскен жоқ.

Біз әрқайсымыз қоршаған ортаның ажырамас бір бөлігі болып табыламыз. Осыған сүйене отырып, біз өз үйімізге қалай қарасақ, қоршаған табиғатқа да солай қарауымыз керек. Табиғатты сүю – оны қорғау. Табиғатты қорғаңыз және сау болыңыз!

Самат МАХАББАТҰЛЫ

БЕСІКТІҢ МАҢЫЗЫ ЖАЙЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Бесікте бала жылы әрі таза жатады. Жаңа туған және кіндігі енді ғана түскен сәбиді барынша жылы ұстау керек. Өйткені ол суықты тез қабылдайтын әлсіз әрі нәзік. Ал бесіктегі баланы қайта-қайта ашып киімін ауыстыру қажет емес. Бесіктегі баланың таза жататыны өз алдына. Тіпті сәбидің өз дәреті өзіне шашырап былғанбауы үшін түбегіне күл салынады. Бесік баланы кездейсоқ қауіп-қатерден, құлап қалып бір жерін майып қылудан да сақтайды. Аттың жалы, түйенің қомында жүріп өмір сүрген көшпенді халық үшін бесік көшуге де өте ыңғайлы болған. Тағы бір мән беретін нәрсе бесікке бөленген баланың мінезіне байланысты, бесікте өскен баланың мінезі жайдары болады.

Айталық, сөзге тоқтау, бірін-бірі тыңдау, салмақты болу, сабыр сақтау — барлығы біздің халыққа тән қасиеттер және адамның осылай болып қалыптасуына бесіктің пайдасы ұшантеңіз. Ал қол-аяғы бос жатқан бала жеңілтек, ұшқалақ, сабырсыз болып өседі. Байқасаңыздар, қазір қазақ халқының мінезінде үлкен өзгеріс бар. Шыдамсыз, бірінің сөзін бірі тыңдағысы келмейтін сабырсыз, кез келген нәрсеге еліктегіш, қызыққыш деген сияқты… Бұл бесікке бөленбей өскен ұрпаққа тән. «Немересіне ертегі айтпайтын әжелер азайып бара жатыр, сәбиін бесікке бөлемейтін келіндер азайды. Мен осыдан қорқамын…» Б.Момышұлы Бұл — атаның 70 жылдары айтқан сөзі. Өз қолымен жазып қалдырған. Осы бір ауыз сөздің өзінде қаншама ой жатыр.

Дәстүрден ажырасақ, ұлттық құндылықты, ұлттық болмысымызды жоғалтатынымызды меңзейді. Нақтылап түсіндірер болсақ, бесікке бөленіп өскен біздің ата-бабаларымыздың мінезі, болмысы қазіргідей болмаған. Мысалы, бесікте жатқан баланы босатқан кезде емін-еркін рақаттанып керілетінін байқаймыз. Ұйқысы тыныш, асты құрғақ әрі таза бала солай өзі керіліп-созылу арқылы өзінің денсаулығын жақсартып тұр. Бүгінде жас келіндердің саналарына толып жатқан әлдебір шетелдік методтар «бала бос жатуы керек» деген түсінік қалыптастырды. Бос жатқан сәби өз қолының қимылынан өз жиі оянатынын, ұйқысының жиі бұзылатынын аңғарамыз, бірақ мән бермейміз. Ал мұның өзі жаңадан қалыптасып өсіп келе жатқан бала мінезінің ұшқалақ болуына кесірін тигізбейтініне кім кепіл?! Мұның өзі біз қазақы болмысымыздан, салмақтылығымыздан, ұлттық мінезімізден ажырап бара жатқанымыздың бір көрінісі емес пе?! Сайып келгенде, салт-дәстүр, әдет ғұрып жайлы өзіміздің ұлтымызға ғана мәселені сөз етіп келе жатқаннан байқағанымыз — еш нәрсенің негізсіз емес екендігінде, бірімен-бірі астасып жатқандығында, тұтас бір ұлттың ұлттық құндылығы саналатындығында. Бесікті де соның бір айқын бір дәлелі деуге болады. Ел болам десең... Бұл күндері мерекелік іс-шараларда, әсіресе Наурыз мейрамында міндетті түрде салт-дәстүр үлгілері көрсетіледі. Оның жасандылығы бірден байқалады. Мұндай шараларда кәдімгі бала бөлейтін бесікке қуыршақ салып тербетіліп, ананың әлдиі, бесік жыры айтылады. Осындай көріністерді сахналардан жиі көріп жүрміз. Біздің қазақ халқы бесікті қасиеттейді, ешқашан бос бесікті тербетпейді. Ол — жаман ырым.

«Бос бесік тербетіп қалды» деп перзенті шетінеп кеткен ананы айтады. Бәрінен сорақысы — он екіде бір гүлі ашылмаған қыз баланың бос бесікті тербетіп, бесік жырын айтатыны. «Ойын көрсеткенде тұрған не бар» десе де, бұл қазақ ұғымына қайшы келеді, халық педагогикасына жатпайды. Салт-дәстүрді насихаттау деген желеумен бұрмаланып жатқан істеріміз, өкінішке қарай, баршылық. Көзге де, көңілге де томпақ көрінетін көріністерді байқағанда «әттеген-ай» деп қоя салуға да болады. Бірақ біліп тұрып айтпаса, ол да күнә дейді. Ал біз үшін біреулер сырттан келіп балаларымызды ұлтттық өнегемен өсіріп бермейді. Өйткені жас ұрпақ — өзіміздікі, егемен еліміздің иесі — солар! «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген Мұқаннан (М.Әуезов) артық не айтуға болады?! Өйткені ұлттық мінез бесіктен қалыптаспақ…

Зейнеп АХМЕТОВА

HABARLANDYRU

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ҚАРАТАЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

«Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде «өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышында» орналасқан компьютерден, өзіңіздің электронды кілтіңізбен, бір сәтте керекті анықтамаларыңызды ала аласыз. Электронды порталмен жұмыс жасау кезінде қиындықтар туындайтын болса, әкімшілік қызметкерлерінен немесе 1414 номеріне хабарласып кеңес алуларыңызға болады.

«Электрондық үкімет» «egov.kz», «Электрондық лицензия» «e.license», порталдарына кіріп, электронды цифрлы қолтаңбамен тіркеліп, келесі қызметтерді онлайн түрде алуға болады: қашықтықтан ЭЦҚ ашу (электронды цифрлы қолтаңба), мекен-жай бойынша тіркеуге тұру; тіркеуден шығару; емханаға тіркелу;әскери есеп және қауіпсіздік құжаттары, некеге тұру, жүргізуші куәлігінің уақытын ұзарту, қару жараққа рұқсат қағазына өтініш беру, жеке басында мүліктің тіркелуі, тіркелмеуі, соттылығы бар, жоқтығы туралы және ден саулығына қатысты анықтамалар, мүмкіншілігі шектеулі азаматтар үй кезегіне тұру, баллаларға жәрдем ақы тағайындауға өтініш білдіру, зейнет ақы жинақтары туралы және тағы басқа анықтамаларды электронды, жылдам және тегін алуға болады.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы Алмабала Жетпісбайқызы көшесі №59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.

***

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ КАРАТАЛЬСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В Государственном учреждении "Аппарата акима Каратальского сельского округа" имеется "уголок самообслуживания", где при помощи электронно цифрового ключа можете получить необходимые справки. При возникновении трудностей во время работы с электронным порталом можете получить консультацию у государственных служащих, либо необходимо связаться с оператором по номеру 1414.

Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайкызы №59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

***

ЕСКЕРТУ

2022 жылғы 14 желтоқсандағы № 13-42 Жетісу облысының аумағын аббаттандыру Ережелеріне сәйкес, Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты, өз үйлеріңіздің айналасын тазалап, арық жүйесін тереңдетуді, қашаларды түзетіп бояуды, жабайы ағаштарды кесуді және тұрмыстық қалдықтарды арнайы белгіленген орынға (полигонға) апаруыңызды сұрайды. Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптары бойынша қалдықтарды және қурайларды өртеу кезінде ғимараттар мен электр бағаналарынан, кемінде 50 метр қашықтықта жүргізілуі тиіс. Өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң ұстауды ескертеді! Қосымша қатаң түрде ескертеміз!! суға түсу маусымында, балаларыңызды Қаратал өзеніне, ағыны күшті каналға суға шомылуға жібермеулеріңізді сұраймыз.

Осы Ережелер сақталмаған жағдайда Сізге, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 505 - бабы бойынша айыппұл салуға әкеп соғады.

Қаратал ауылдық округінің әкімшілігі

***

УВЕДОМЛЕНИЕ

Аппарат акима Каратальского сельского округа Ескельдинского района, на основании Правил благоустройства территорий городов и населенных пунктов области Жетісу от 14 декабря 2022 года №13-42, просит Вас провести уборку прилегающей территории. Очистить и углубить арыки, вырубить дикие деревья, провести побелку, покраску ограждений. Вывезти бытовые отходы в специально отведенный мусорный полигон.

В случае нарушения требования вышеуказанных правил будут налагаться взыскания согласно ст. 505 Кодекса Республики Казахстан «Об административных правонарушениях»

Согласно «Общим требованиям к пожарной безопасности» разведение костров, сжигание отходов и тары должно осуществляться на расстоянии не менее 50 м от зданий и сооружений. Просим строго соблюдать правила пожарной безопасности!

Дополнительно предупреждаем, во время купального сезона, запрешется купатся на реках и на канале ГЭС.

Аппарат акима Каратальского сельского округа

***

Құрметті Қаратал ауылдық округінің тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м.а. 2020 жылдың 31 қаңтары №39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызметтер тізіліміне сәйкес, «Ескелді ауданы Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

Жер учаскесін алу үшін кезекке қою; Жер учаскесін жекеменшікке ақысын бірден немесе бөліп төлеу арқылы сату; Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу; Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру; Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

Толық ақпаратты мына мекен жайымыздан біле аласыздар: Қаратал ауылы Алмабала Жетпісбайқызы көшесі 59, телефон: 8(72836)50140, электронды пошта: gukaratkz@mail.ru.

Қаратал ауылдық округші әкімінің аппараты

***

Уважаемые жители Каратальского сельского округа!

Согласно реестра государственных услуг от 31 января 2020 года №39/НҚ утвержденный приказом и.о. министра цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан. Аппаратом акима Каратальского сельского округа оказываются следующие виды государственных услуг:

Постановка на очередь на получение земельного участка; Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку; Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов); Предоставление земельного участка из земель поселка, села; Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка.

Дополнительную информацию можно узнать: село Каратал, улица Алмабала Жетписбайкызы 59, телефон: 8(72836)50140, электронный адрес gukaratkz@mail.ru.

Аппарат акима Каратальского сельского округа

Газета «Жетісу шұғыласы» объявляет о начале подписной компании на 2024 год!

Наш ИНДЕКС:

Физ.лицо - 65535 Юр.лицо - 15535

Сумма подписки:

Физ.лицо:

6 мес. - 2 284,80 тг год - 4 569,60 тг

Юр.лицо:

6 мес. - 2947,80 тг год - 5 895,60 тг

ПОДПИШИСЬ НА НАС!

Подписчикам при публикации предоставляются скидки!

Наш электронный адрес:

eskeldi_eli@mail.ru

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Инкар Ерболқызы НҰРСҰЛТАНОВА.
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1200 Тираж 1200 Тапсырыс 1233 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді. Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка Д.ДАУРЕНҚЫЗЫ